



# Ж Қ Р А

№ 51 (5237) сенбі  
17 желтоқсан 2011 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады Аудандық қоғамдық саяси газеті

## 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні! декабря - День Независимости Республики Казахстан!

### ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ! ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Біздер 16-желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өтудеміз. Осыдан 20 жыл бұрын қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданғаннан бастап еліміздің дамуында жаңа өзгеріс басталып, оның тарихының жаңа кезеңінің беттері ашылды.

Біздер жыл сайын осы бір бүкіл халықтық мерекені аса бір мақтаныш сезіммен атап өтеміз. Себебі, мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп жатқан реформаларының арқасында тамаша табыстарға қол жеткіздік.

Қазақстан үшінші мыңжылдыққа қадам басып, аздаған уақыттың өзінде әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі бола білді. Біздер бірден-бірден мемлекеттілігімізді қалыптастырып, табысты дамытын экономиканы іске асырып, халықтың әл-ауқанын нақты көтере білдік.

Реформаларды жүзеге асыруда әлеуметтік-экономикалық дамудың көптеген бағыттарында Нұра ауданының барлық тұрғындары өз үлесін қосуда. Біздің аймағымыз биылғы жылды да табысты аяқтағалып отыр. Ауыл шаруашылығында өнім көлемі артып, диқандар елеулі табыстарға қол жеткізді. Бұл ауыл еңбеккерлерінің ел тәуелсіздігінің мерейтойына жасаған сыйы.

Алдағы уақытта да негізгі мақсаты еліміздің экономикалық қуатын нығайтып, саяси беделінің артуына, халықтың әл-ауқатын жақсартуды мақсат ететін реформаларды ойдағыдай іске асыруға әрбір нұралық өз үлесін қоса бермек.

Құрметті нұралықтар!  
Сіздерді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, бақыт пен байлық, Отанымыздың гүлденуі жолында табысты еңбек тілейміз.

Біздің тамаша жерімізде әрдайым бейбітшілік, достық және халықтар арасындағы түсіністік бола берсін!  
Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құдайберген БЕКСҰЛТАНОВ, Еділ ТҰРАНОВ,  
Нұра ауданының әкімі, аудандық Мәслихаттың хатшысы

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ РАЙОНА!

16 декабря по сложившейся традиции мы будем отмечать наш главный национальный праздник – День Независимости Республики Казахстан. Но нынешний год имеет особое место в истории нашей страны: в этом году мы будем отмечать 20-летний юбилей Независимости. Независимость – это многовековая мечта многострадального казахского народа, главное завоевание, основная духовная ценность. День Независимости – это символ мира и стабильности, мужества и героизма, преемственности поколений и уважения традиций наших предков. Это – главный праздник для всех казахстанцев, объединенных чувством ответственности за судьбу своей страны и составляющих единый народ Казахстана.

Это поистине грандиозное событие мы встречаем с чувством неподдельной гордости за наш Казахстан. За эти годы страной пройден путь, равный столетиям. Получив Независимость, Казахстан доказал, что может достойно конкурировать в мире, самостоятельно и успешно управлять своей судьбой и созидательной деятельностью. Республика добилась выдающихся результатов. Сегодня Казахстан – успешное, динамично развивающееся государство, играющее значимую роль в мировых процессах. За республикой прочно закрепилась репутация конкурентоспособной страны с устойчивой внутриполитической ситуацией, где царят межнациональное согласие и межконфессиональный мир, осуществляется рациональное государственное строительство.

Гарантом преобразований в стране является Глава нашего государства – Лидер Нации Нұрсұлтан Абишевич Назарбаев. В условиях распада Советского Союза Президент проявил себя мудрым политиком, он нашел в том сложном лабиринте событий единственно правильный, без жертв и потрясений, путь, успешно приведший нас к Независимости. Благодаря глубоко продуманной и взвешенной политике Главы нашего государства, его исключительному политическому таланту и стратегической дальновидности Казахстан состоялся как крепкое независимое государство.

В преддверии празднования 20-й годовщины нашей Независимости Парламент страны принял Декларацию 20-летия государственной Независимости Республики Казахстан – документ, обращенный к современникам и будущим поколениям Казахстана, в котором дается историческая оценка конструктивной политики Главы государства, признанной в мире как «Казахстанский путь», консолидируются реальные достижения страны за минувшее 20-летие.

Уважаемые земляки! Свой посильный вклад в развитие государства вносите и вы, мужчины, в районе динамично развивается экономика, позитивно решаются социальные проблемы. Сегодня каждый житель нашего района уверенно смотрит в будущее, гордится своей страной, гордится, что он гражданин Республики Казахстан. Мы не только свидетели исторических событий, но и активные строители казахской государственности, и мы хотим видеть нашу землю процветающей, сильной и независимой. Наше с вами благополучие зависит от умения работать, находить новые решения поставленных задач.

Мы поздравляем всех мужчин с 20-летием Независимости Республики Казахстан, единством, миром и покоем на благословенной казахской земле! Пусть этот праздник всегда придает нам силы и уверенность в достижении целей во благо нашей Отчизны, будущих поколений и истории! Пусть крепнет и развивается наша Родина – независимый Казахстан!

К.БЕКСҰЛТАНОВ, Е.ТҰРАНОВ,  
аким Нуриналского района, секретарь районного маслихата

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықпалының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.

Нұрсұлтан Назарбаев

## ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕЛ ДӘУЛЕТІ

Бүгін, міне, Қазақстан Республикасының шын мәнінде азат мемлекет болып, егемендік алғанына 20 жыл толды. Бұл күн – қазақ халқының сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі.

16 желтоқсан – Алты алаштың айбынын айғақтаған, ата-бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. «Бақыт-бағасын біленнің басында ғана тұрады», - деген Елбасы сөзі тәуелсіздігімізді тәу етіп тұраға шақырып тұрғандай емес пе!

Сан ғасырлық отандық тарихымыздың қайнар бастауында әрдайым Тәуелсіздік деген қасиетті ұғымның шоқтығы биік тұрағыны белгілі. Өткендеп және бүгінгі тарихқа зер салып үңілесек, Қазақ елінің азаттығы үшін арпалысқан ұлы Тұңғалардың бар арман мақсаты – ұлттық мемлекетімізді құру болғанын көреміз.

Расында да, ұлыс мұңы, ұрпақ қамы үшін «күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеген» байырғы бабалардан бері тартип, күні кеше, 1986 жылғы желтоқсанның изғарында төбеден тас домалатқандай Орталықтың өктемдігіне, саяси озбырлығына төзбей азаттықтың өнін шырқай алаңға атойлап шыққан өрімдей жастарды – қара көз, ақ жүрек, намысқой ұл-қыздарды жарық дүниеге әкелген қазақ ұлтының бес мыңжылдықта бастан кешкендерінің бәрі бүгінгі Тәуелсіздігіміздің тұтас тарихы, шынжыр лекті шежіресі еді.

Ел бірлігін ойлаған даңқты Керей мен Жәнібек, Қасым мен Хакназар, Есім мен Тәуке хандар елін, жерін жаудан қорғап, тәуелсіз ел болуға бар күш жігерлерін салды.

Қазақ халқының отаршылдық саясатқа, үстемдік пен жүгенсіздікке қарсы күресі XVIII ғасыр аяғында Сырым Датұлы көтерілісімен басталып, XIX ғасырда Исатай мен Махамбет, Кенесары мен Жанқожа бастаған ұлт-азаттық қозғалыстары арқылы жалғасын тапты. Ол 1916 жылғы ұлы дүрбелеңге ұласты. Қазақ жерінің Ресей империясы құрамына біржолата енуінен кейін шын мәнінде егеменді көпшілігі мемлекетіміздің тарихы тәмамдалды. Оны қалпына келтіремін деген кейінгі – Қазақтың соңғы ханы Кенесарының жаужүрек жорықтарынан «Алашорда» ұлттық – либералдық партиясы көшбасшыларының, демократиялық идеяларына дейінгі әрекеттердің бәрі сәтсіздікке ұшырады. Халықтың ділі де, өмір салты да, тарихы да, әліпбиі де, қысқасы бәрі де қиратылып жатты. Көшпелілерді отырықшылыққа зорлап көшіру басталды. Онсыз да саны аз қазақтар сол тұста халықтың жартысынан айырылды. Дегенмен Ұлы даланың үш мың жылға үздіксіз созылған өркеніет рухы оп-оңай жоғалып кете салмайтын еді. Дәл осы рух ұлтты сақтап қалуға ғана емес, жаңа жағдайда егемен Қазақстанды қайта жаңғыртуға да көмектесті.

XX ғасыр аяғында 1986 жылдың желтоқсан оқиғасымен тарихқа енді. Ендеше 1991 жылдың 16 желтоқсанында жарияланған Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі - әділеттің, ақиқаттың, Тәуелсіздік – бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі. Егемен ел болу, өз шаңырағын биік көтеру мақсатында қазақ халқының асыл ұлдары жан аямай тер төгіп, алтын жалында, түйенің қомында жүріп, ұланғайыр кең байтақ қазақ жерін сырттан, іштен келген жаулардан көзіннің қаршығындай қорғап, тәуелсіздіктің берік те мызғымас іргетасын қалап кетті. Тарихтың ағымымен заман да, адам да өзгеріп, бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірген «Желтоқсан жаңғырығы» елдің Тәуелсіздік жолындағы болашағын бағдарлап, бағамдап берді.

Егеменді Қазақстанның тәуелсіздік туы желбіреп ғасырлар бойы аңсаған арманына қолы жеткен, тарихи аса маңызды оқиға - Тәуелсіздік күніне, міне, биыл 20 жыл толды. 1991 жылдың желтоқсанында тәуелсіздік алуы Қазақстанның қазіргі заманғы тарихындағы бетбұрыс кезеңіне айналды. Біздің туымыз - тәуелсіздік.

Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі жастарымыз жанындай сезінуі керек. Өйткені, жастар жасампаздықты жалғастырушылар. Олардың алдында осыдан 20 жыл бұрын басталған Жаңа Қазақстанның болашақ шежіресін жазу міндеті тұр. Жастар – экономиканы, ғылымды, мәдениетті, көтеріп, дамытуы тиіс. Қазір біздің мемлекетіміз істесе де, не атқарса да - бәрін ел болашағы жастарға арнап жатыр. Демек, бүгінгі жас ұрпақ туған Отаны Қазақстан оттан да ыстық екендігін білулері тиіс.

Өткен 20 жыл елес емес, ол – ұлы белес. Тәуелсіздік – ту, тәуелсіздік – ауа, жер, су, тәуелсіздік – ел дәулеті. Олай болса, Тәуелсіз тудың астында тәуелсіз күн кешуді сезінуден артық бақыт бар ма?

Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры ол қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы емес пе? Біз бірнеше жүз жыл отаршылдықтан кейін XX ғасырдың аяғында қайта жаңғырған мемлекетіміз.

Тәуелсіздік – ол ұлттық мемлекеттілік, оның тамыры – жасампаздық рух, ұраны – ел мен халық. Олай болса, өміршеңдік пен кемелділік аясында өмір сүріп, бейбітшілік, татулық туын биікке көтерген Қазақстан халықтары жаңа әлемнің жаңалықтарына, жақсылықтарына ұмтыла бермек.

«Тәуелсіздік ата-бабамыздың арманы, оны сақтап қалу біздің парызымыз. Біз бүгін сол ғасырлар бойы аңсаған еркіндікке жеткенімізді түсініп қана қоймай, түйсінудіміз шарт!» Сан ғасырлардың соқталы, соқтықпалы соқпағында сансыраған, «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың көксеген мұраты, көздеген ұшпағы еді. Елінің бүтіндігі, жерінің тұтастығы үшін құрбан болған ата-ағаларымыз бен ата-әжелеріміздің аққан қан, төккен терінің өтеуі еді бұл Тәуелсіздік!

Еркін өмір, егемен тұрмыстың иелері – бүгінгі ұрпақ, мына біз, арғы бабалардың аманаты ретінде зарығып жеткен, мерейімізді өсіріп, мәртебемізді орлеткен, болашақ буын, келешек күндердің нәсібіне ұзағынан бұйырар Тәуелсіздіктің киесін сыйлап, қасиетін ұғынуға, қадірін білуге, сол арқылы жеке басымыздың тарих алдындағы, ұлт пен ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді жете сезінуге тиіспіз.

Бикен АХМЕТОВА,  
ҚР Журналистер Одағының мүшесі

## 20-летию Независимости РК

## ОСУЩЕСТВЛЕН ЗАПУСК ИНВЕСТИЦИОННОГО ПРОЕКТА

**НОВАЯ**  
ПРОГРАММА ПРЕЗИДЕНТА

«Иновация – это новая технология, которая опутимо увеличит качество жизни народа и снизит цену доступа к этому качеству по сравнению со старой технологией».

Нурсултан НАЗАРБАЕВ, Президент РК

«Сейчас перед Казахстаном стоят серьезные задачи инновационного развития. Особые ставки – на тех, кто разрабатывает новации, именно они помогут продвигать страну в будущее». Карим МАСИМОВ, Премьер-Министр РК



В ближайшие пять лет инновации должны стать важным инструментом развития индустрии. Такую задачу поставил Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев. В последующем индустрия станет базой для инновационного развития. Повышение технологического уровня действующих предприятий и будет способствовать тому, что они смогут воспринимать инновации, а в дальнейшем стать не только потребителями, но и генераторами новых технологий. В стране уже идет выявление высоко-технологических отраслей, которые станут основой технологической конкурентоспособности экономики на долгосрочный период.

19 марта 2010 года Указом Президента Республики Казахстан № 958 утверждена Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010-2014 годы, к числу ключевых задач которой относится обеспечение устойчивого и сбалансированного роста экономики через диверсификацию и повышение ее конкурентоспособности, развитие приоритетных секторов экономики. Также постановлением Правительства Республики Казахстан от 14 апреля 2010 года № 303 утверждена Карта индустриализации Казахстана на 2010-2014 годы, включающая в себя 101 инвестиционный проект.

В нашем районе идет активная работа по реализации задач, поставленных Президентом страны в ежегодном Послании народу Казахстана, проводятся мероприятия по выполнению Государственной программы по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан. Нарастают объемы промышленного производства промышленными предприятиями района, проводится работа по повышению их инновационной активности, осуществляется отбор инвестиционных проектов для включения в Карту индустриализации.

В преддверии празднования 20-летия Независимости Республики Казахстан осуществлен запуск инвестиционного проекта в поселке Шубарколь «Организация производства электротехнологического комплекса на утилизированном коксовом газе с выработкой электроэнергии 1,6 МВт» АО «Шубарколь комир». Первый этап проекта стоимостью 255 млн. тенге был включен в Карту индустриализации и реализован в рамках Государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития экономики. Проектная мощность составляет 1,6 МВт электроэнергии. Проект создал 16 новых рабочих мест.

Митинг, посвященный запуску проекта АО «Шубарколь комир», открыл аким Нуринаского района К.Бексултанов, сердечно поблагодарив руководство и коллектив предприятия за достигнутые успехи высококвалифицированным персоналом путем увеличения добычи угля, расширения рынков сбыта и изысканием технологий переработки угля, созданием на его основе новых продуктов, востребованных на рынке. В своем выступлении глава района отметил, что запуск проекта является знаменательным событием в канун празднования 20-летия Независимости Республики Казахстан.

На митинге присутствовали господин Т.Чо, представитель китайской компании «Ганеш ЛТД» - поставщика основного оборудования по производству электроэнергии, директор ТОО «Темир Арка» М.Абылкаиров - руководитель предприятия, осуществлявшего строительно-монтажные работы по проекту, заместитель акима Нуринаского района Д.Максутов, начальник районного отдела предпринимательства Ж.Мухамеджанов, а также рабочие и специалисты АО «Шубарколь комир».

Президент АО «Шубарколь комир» Т.Акбаев в своем выступлении сказал: «Шесть лет назад Вы нам дали напутствие по строительству завода, выпускающего спецкокс. Буквально через год этот завод был построен. А сегодня мы запускаем первую очередь электростанции, которая будет работать на коксовом газе, полученном из шубаркольского кокса. В перспективе мы планируем уже в следующем году начать строительство нового завода по производству спецкокса мощностью 350 тысяч тонн. И тогда коксовый газ, полученный с 2-х заводов, позволит в ближайшем будущем вырабатывать до 50 Мегаватт электрической мощности».

Кроме того, Т.Акбаев обозначил ряд преимуществ проекта, таких как использование попутного газа, возникающего в процессе производства кокса предприятия ТОО «Сары Арка спецкокс» для получения электроэнергии, безотходное производство и самообеспечение электроэнергией, снижение вредных выбросов в атмосферу. Первый и второй этапы реализуются при применении технологии выработки электроэнергии с помощью газо-поршневых установок производства КНР. Эти установки апробированы на предприятиях, аналогичных ТОО «Сары Арка Спецкокс», и работают на низкокалорийном коксовом газе. В 2012 году планируется реализация второго этапа проекта электротехнологического комплекса с выработкой 5,5 МВт электроэнергии на сумму 971 млн.тенге.

Выступил горный инженер АО «Шубарколь комир» О.Касенов. Свои поздравления и пожелания по поводу данного мероприятия выразили представитель компании «Ганеш ЛТД» господин Т.Чо и директор ТОО «Темир Арка» М.Абылкаиров.

Торжественный запуск проекта осуществил Президент АО «Шубарколь комир» Т.Акбаев.

Коллектив АО «Шубарколь комир», развивая и увеличивая угледобычу, видит свое будущее в создании высокоэффективного производства с глубокой переработкой уникального угля. При этом взято на вооружение заявление Главы государства Нурсултана Абишевича Назарбаева о том, что модернизация заключается не только в строительстве новых предприятий, но и в техническом обновлении действующих.

Отдел предпринимательства Нуринаского района

## «БУДУЩЕЕ - В НАШИХ РУКАХ!»



20 лет назад вместе с Казахстаном появился на свет и этот молодой человек. Он рос, учился и развивался вместе со своей страной. Активная жизненная позиция, любовь к Родине, готовность к переменам и инновациям – вот главные его черты, которые нашли применение в избранной им профессии. Ровесник Независимости – сотрудник районного отдела внутренних дел, помощник участкового инспектора полиции административного участка села Жанбобек, лейтенант полиции Мейірбек ЕРМЕК - полон решимости творить на благо Казахстана, продолжать те реформы, которые уже успешно идут в нашей стране, своим трудом, большой ответственностью, высокой организованностью и дисциплинированностью внести личный вклад в процветание нашей Родины, борясь с преступностью и обеспечивая покой жителей района.

«День Независимости - это символ победы в многовековой борьбе казахского народа за свободу, за самоопределение, за то, чтобы мы имели возможность жить на своей земле, говорить на своем языке, - говорит Мейірбек. - День Независимости является самым большим праздником нашей республики, самым значимым праздником для каждого казахстанца. Как любому патриоту мне приятно осознавать то, что наше государство является независимым по-настоящему: оно имеет свою внутреннюю и внешнюю политику, целеустремленно и наступательно движется вперед. За годы Независимости наша страна определила приоритеты дальнейшего развития, укрепила авторитет на международном уровне. Со дня принятия Конституционного Закона "О государственной Независимости Республики Казахстан" прошло 20 лет. За прошедшее время страна стала современной, динамично развивающейся и конкурентоспособной. За двадцать лет Казахстан добился выдающихся успехов. Какие огромные возможности дала Независимость нашей страны, какие условия созданы для развития казахстанского общества и прежде всего для молодежи!

Сегодня молодежь может реализовать себя, может, используя свой потенциал, достичь всех поставленных перед собой целей. И все это благодаря той политике, которую все эти 20 лет проводит Глава нашего государства Нурсултан Абишевич Назарбаев. Вместе с тем действуют и специальные проекты, которые ставят своей целью в первую очередь поддержку молодых казахстанцев. Например, программа "С дипломом - в село", нацеленная на привлечение выпускников высших учебных заведений в глубинку с предоставлением им всех необходимых условий. "Молодежный кадровый резерв" помогает готовить эффективных национальных менеджеров.

В свою очередь, каждый из нас, молодых, должен задуматься над тем, как именно он может помочь своему государству стать лучше, сберечь и приумножить достижения Казахстана. От нашей гражданской позиции и жизненных устремлений зависит, каким Казахстан будет завтра. А родиться в год, когда страна обрела Независимость, я считаю, - большая честь. Будущее нашей страны - в наших руках! Поэтому так важно внести свой вклад в развитие и процветание своей Родины!



Беседовала Виктория ГРИЦОВА

## НЕЗАВИСИМОСТЬ ГЛАЗАМИ ДЕТЕЙ

«Музыка воодушевляет весь мир, снабжает душу крыльями, способствует полету воображения; музыка придает жизнь и веселье всему существующему...Ее можно назвать воплощением всего прекрасного и всего возвышенного».

ПРАЗДНИЧНЫЙ концерт, посвященный 20-летию Независимости Республики Казахстан, прошел накануне главного государственного праздника страны в районной Детской музыкальной школе. Мероприятие подготовили воспитанники школы под руководством директора Ляззат Балтабаевой и преподавательницы класса «Домбра» Гульжан Жумабековой и Нуржан Шамильхан.

Пришедшие поддержать ребят родители, педагоги, гости, войдя в красочно оформленный зрительный зал, сразу окунулись в праздничную атмосферу. После исполнения Государственного Гимна Республики Казахстан ведущая мероприятия Гульжан Жумабекова возвестила о начале праздника. В том, что в музыкальной школе работают замечательные педагоги, и обучаются прекрасные талантливые дети, смогли убедиться все, кто пришел на концерт. Первые звуки оркестра, исполнившего на домбре кюй Райымбергенова «Секіртпе», наполнили зал теплотой и красотой национальной музыки.

Порадовав зрителей хоровые выступления с песнями «Ұлан - ән ұраны», «Елім - ай», «Айналайын елімнен», сольные выступления Дианы Оспановой с песнями «Қоғалы - ай», «Туған жер», Акботы Ермековой с песней «Жан анам», Рызы Суйгеновой - «Балдырғандар бін». С интересом и большим вниманием зрители смотрели театрализованную сценку с участием Алтынай Рахимовой, Еркіна Касымова, Дамира Исакова. Бурными аплодисментами присутствующие на празднике гости оценили артистические способности Жансерика Мукатаева, Еркіна Касымова и Томирис Касымовой, принявших участие в сказке «Қу бала». Вокальный дуэт Алтынай Рахимовой и Томирис Касымовой с песней «Нұра вальсы» наполнил сердца присутствующих гордостью за наш район, за подрастающее поколение, за будущее нашей страны. Присутствующих не оставила равнодушными и композиция «Марш» Шумана, исполненная учащимися школы Жансериком Мукатаевым на фортепиано.

Также ребята читали стихотворения, посвященные нашей Родине - Республике Казахстан, а самое главное, довольными остались все: и взрослые, которые пришли посмотреть на своих детей, и сами дети. С приподнятым и праздничным настроением слушатели покинули зрительный зал Детской музыкальной школы, получив огромное удовольствие от встречи с музыкой и оставив в своих сердцах тепло и радость прошедшего мероприятия.

Родина – это самое важное, самое дорогое и всеми любимое слово, - говорит в интервью районной газете «Нұра» директор Детской музыкальной школы Ляззат Балтабаева. - У каждого человека есть своя Родина. Под этим словом мы понимаем свою семью, нашу школу, свой прекрасный поселок, район, всю нашу огромную Республику Казахстан. У каждого человека есть свой День рождения. День рождения есть и у нашей Родины. 16 декабря весь наш народ Казахстана отмечает главный праздник нашей страны - День Независимости. В этом году Независимости Казахстана исполняется 20 лет. 20 лет назад на политической карте мира появилось новое государство - Республика Казахстан. В тот далекий декабрьский день мы выбрали свободу и независимость, потому что хотели самостоятельно создавать свое будущее, потому что мы были способны на большее. Мы начали собственный казахстанский путь, который получил одобрение, а затем и признание всего мирового сообщества. И вот уже 20 лет ежечасно, ежедневно мы воплощаем в жизнь свои планы, создавая новый Казахстан - государство своей мечты и надежды, государство, которое изо дня в день обеспечивает, защищает интересы своих граждан, государство, которое успешно укрепляет свою безопасность, государство, чья позиция принимается и учитывается мировым сообществом, государство, имеющее стратегическое видение, с мощным потенциалом, способное решать сложные задачи современности. Независимость – самая священная ценность для всех казахстанцев. Достижения суверенного Казахстана – гордость нашего многонационального народа. И воспитанники нашей школы, несмотря на свой юный возраст, смогли прочувствовать значимость это великого события и донести свои чувства до слушателей, не оставив их равнодушными.

Виктория ГРИЦОВА

## АУЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

**АУЫЛ - ЕЛІМІЗДІҢ ЫРЫСЫ МЕН БЕРЕКЕСІ. СОНДЫҚТАН АУЫЛ ШАРУАШЫ-ЛЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ БАРШАМЫЗДЫ ТОЛҒАНДЫРАРЫ СӨЗСІЗ. Еліміздің жарқын болашағы мен кемел келешегі ауылмен тығыз байланысты.**  
Нұрсұлтан Назарбаев

Желтоқсан айының 8 күні ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты жиналыс өтті. Шараға аудан басшысы Бексұлтанов Құдайберген Бексұлтанұлы қатысты. Сондай-ақ, ауыл әкімдері мен ауыл шаруашылығы саласының ардагерлері, осы жолда еңбек етіп келе жатқан жұмыскерлер жиналды. Жиында ауыл шаруашылығы саласында жеткен жетістіктер сөз болып, биылғы жылдың қорытындысы бойынша еңбек озаттары марапатталды.

Еліміздің экономикасы үшін ауыл шаруашылығының маңызы зор. Ол әл-ауқаттың негізі, мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі болып қала бермек. Ауылды өркендетудің бірден-бір жолы агроөнеркәсіп кешенін бар мүмкіндігінше өркендету. Ата-бабамыздан қалған кәсіптермен жұмыс жасау, мал есіру, сол арқылы әлеуметтік, тұрмыстық жағдайды көтеру - уақыт талабы.

Елбасымыздың асқан саясатының арқасында бұл сала біздің ауданда да серпінді дамып келеді. Ауданымыздың ауыл шаруашылық саласында кейінгі жылдары

грамотасымен «Отқанжар» ЖШС-нің шопаны 100 аналақ қойдан 100 бас қозы алған еңбегі үшін Гүлмамедов Зкрия Сарбарұлы марапатталды. Келесі құттықтау «Шахтер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің комбайншысы Арнольд Юрий Владимирович 2300 гектар жерден 3380 тонна астық жинағандығы үшін марапатталды. Осындай марапаттау 190 гектар алқаптан 600 тонна картоп жинаған «Альдеран» шаруа қожалығының басшысы Бондеренко Владимир Геннадьевичқа бұйырды. Нұра ауданының Құрмет грамотасымен еңбек озаты «Жараспай» ЖШС-нің механизаторы Бейбітов Ғалы Есендірұлы 2011 жылы 623 гектар алқаптан 810 тонна сатық жинап, жоғары көрсеткіш көрсеткендігі үшін марапатталды. Сонымен қатар «Шахтер» ЖШС-нің механизаторы Кручинин Сергей Николаевич 1320 гектар жерден 210 тонна бидай алғаны үшін марапатталды. Нұра ауданы әкімдігінің Құрмет грамотасымен «Қайнар» ЖШС-нің механизаторы осы жылы 2100 тона астықты қамбаға салып, ез үлесін қосқандығы үшін марапатталды. «Қайнар» жау-



ақ өзгеріс болып, мал және егін сонымен бірге өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өндіріс келемі саны өсу үстінде. Осыған орай аудан орталығында ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің дәстүрлі күніне орайластырылған салтанатты жиыны болып өтті.

Алдымен жиынға қатысушылар ауыл шаруашылығы өнімдерінің қойылған кермесін тамашалады. Көрмеде қойылған азық-түлікке аудан әкімі оң бағасын беріп, алдағы істеріне тек қана жетістіктер тіледі. Мәжіліс залында ең алдымен сөз сөйлеген аудан әкімі Бексұлтанов Құдайберген Бексұлтанұлы барлық жиылған қауымды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен және ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің мерекесімен шын жүрегімен құттықтай кетіп, осы мереке күні өздерінің еңбегімен еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келген адамдар алдында бас иіп, алғысын білдірді.

Сонымен қатар биылғы жылдың егін жинау науқанының қорытындысы – Тәуелсіздіктің барлық жылдарында Қазақстан экономикасының негізгі саласы - ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат пен қазақстандық аграрийлердің жанкешті еңбегінің нәтижесі екенін де айта кетті.

Аудан әкімінен соң аудан әкімінің орынбасары Шайжанов Байдолла Қараұлы саладағы қол жеткен жетістіктерді саралап өтіп, өткен жылдың жұмысын қорытындылады.

Агроөнеркәсіптік кешеннің жетістіктері – бұл ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу және қызмет көрсететін ұйымдардың жұмыскерлерінің, сондай-ақ мамандардың, ауыл шаруашылығы өнеркәсібі ардагерлерінің және жастардың, ауылдағы әлеуметтік және мәдени саладағы қызметкерлердің күнделікті еңбегінің қорытындысы екендігін бәріміз білеміз. Осыған орай жиын барысында аудан басшысы бірқатар ауыл шаруашылығы қызметкерлерін Құрмет грамота және Алғыс хаттармен марапаттады. Соның ішінде биылғы жылдың қорытындысы бойынша аталмыш салада жоғары көрсеткіш көрсеткені үшін Министрдің Құрмет грамотасымен «Шахтер» ЖШС-нің механизаторы 27 жыл жақсы нәтиже көрсетіп келе жатқан А.Есенов марапатталды. Сонымен қатар 1994 жылдан бастап осы саланың азаматы, жыл сайын шаруашылықта жақсы көрсеткішке қол жеткізіп, 2011 жылы 107 сырдан -95 бас бұзау алғандығы үшін, Қарағанды облысының Құрмет грамотасымен «Қайнар» ЖШС-нің бақташысы Жаншин Ержан Исаұлы марапатталды. Осындай зор еңбектің нәтижесінің арқасында биылғы жылы астық қорына 1939 тонна бидай салғаны үшін «Жараспай» ЖШС-нің механизаторы Тұяқов Аманжол Бианатұлы марапатталды. Нұра ауданы әкімінің Құрмет

ақкершілігі шектеулі серіктестігінің механизаторы Князев Руслан Александрович 1174 гектардан 1330 тонна бидай алғандығы үшін марапатталды. Осындай үлгіде «Шахтер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас агрономы Шмулянд Владимир Георгиевич марапатталды. Сонымен қатар 810 гектар алқаптан 1226 тонна астық жинап жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгендігі үшін «Пржевальское» ЖШС-нің механизаторы Бейсенбаев Жақсылық марапатталды. Осындай үлгіде «Шахтер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бригадирі Шкред Вячеслав Иванович және «Отқанжар» ЖШС-нің агрономы Мамышев Мейрам Нұрбекұлы марапатталды.

Өздерімізге белгілі жыл сайын ауыл шаруашылығы кешеніндегі ең үздік басшыларды марапаттау рәсімі де дәстүрімізге енгізілген. Ендеше осы жылғы «Ең үздік фермер» номинациясы 3700 алқаптан 4181 тонна немесе 11,3 центнер астық алған фермерлік шаруашылық басшысы Сүлейменов Нұрлан Халелұлына бұйырды.

Келесі кезекте еңбек ерлері үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасымен «Шахтер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2-бригадасының бригадирі Юсупов Станислав Амирович, 4-бригадасының бригадирі Романок Сергей Петрович, 3-бригада бригадирі 2011 жылы 3-бригада-сымен 15318 тонна астық жинағаны үшін және осы ортаның механизаторы Жаманов Жандос Құлбайұлы марапатталды. Сонымен қатар 125 гектар алқапқа 3937 тонна картоп өнімін жинап жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін Сұлтанов Олег марапатталды. «Қайнар» ЖШС-нің механизаторлары Сираев Салават Флюнович пен Қыпшақпаев Сейілхан Әукенұлы және Қадірсізов Темірхан Шыңғысұлы марапатталды. «Пржевальское» ЖШС-нің механизаторлары Земель Юрий Викторович пен Хасан Ербекен марапатқа ие болды. Надежда шаруа қожалығынан Пискунов Виктор марапатталса, «Қарой» ЖШС-нің сауыншылары Халидолла Мәншүк пен Хамаза Майгүл 2011 жылы 7 тонна қымыз сауып жоғары көрсеткіш көрсеткені үшін марапатталды. Бұл Құрмет грамотахшысын аудан әкімдігінің маслихат хатшысы Е.Ж.Тұранов табыс етті.

Озаттардың есімдері аталып, олардың ерен еңбектері бағаланған соң салтанатты жиынның қызуын Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен болған концерттік бағдарлама қыздыра түсті. Жиынға жиналғандардың кеңілінен шыққан концерттік бағдарламаға барлық жұрт дән риза болып, өнер көрсеткен жан-дарға ықылас ризашылығын да білдірді.

Әмірхан НАҚЫПОВ

## ҚҰРМЕТТІ НҰРАЛЫҚТАР!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн еліміздің жаңа тарихының басталған күні мен тәуелсіздік тулданған мемлекетіміздің құрылуының алғашқы қадамы болып табылады.

Отанымыздың өркендеуіне, оның жарқын болашағына арналған игілікті істеріңіз бен еңбегіңіздің жемісті болуына тілектеспіз. Баршыңызға шын ниетпен тыныштық пен берекке тілейміз!

«Нұр Отан» ХДП Нұра аудандық филиалы

**Районная территориальная избирательная комиссия Нуринского района сообщает, что на 14.12.2011 г. зарегистрированы кандидатами в депутаты маслихатов по избирательным округам Нуринского района:**

**№ 27 по выборам в областной маслихат:**

- Прокоп Георгий Георгиевич, 11.11.1950 г., ТОО "Шахтерское", директор, выдвинут НДП "НурОтан";

- Литвиненко Анатолий Николаевич, 11.09.1957 г., ТОО "Черниговский и К", директор, самовыдвижение.

**По выборам в районный маслихат:**

**Киевский избирательный округ №1:**

- Баранов Николай Анатольевич, 29.03.1955 г., филиал ТОО "Акнар", начальник токового хозяйства п.Киевка, выдвинут НДП "НурОтан";

- Петров Сергей Владимирович, 21.05.1976 г., предприниматель, самовыдвижение.

**Киевский избирательный округ №2:**

- Пронин Игорь Юрьевич, 10.08.1971 г., директор ДЮСШ, выдвинут НДП "НурОтан";

- Греш Виктор Николаевич, 09.10.1976 г., предприниматель, самовыдвижение.

**Киевский избирательный округ №3:**

- Шайжанов Байдулла Караевич, 09.12.1953 г., заместитель акима Нуринского района, выдвинут НДП "НурОтан";

- Нурмагамбетов Суюндук Агибаевич, 16.12.1984 г., Зам.директора КГП "Каратал" по финансам, самовыдвижение.

**Кертинды избирательный округ №4:**

- Сулейменов Нурлан Халелевич, 20.10.1958 г., ТОО "Нур-бидай", директор, выдвинут НДП "НурОтан";

- Есенов Серик Амангельдинович, 26.01.1969 г., ДЮСШ Нуринского района, тренер-преподаватель, самовыдвижение.

**Акмешитский №5:**

- Мукушева Бахтыгүл Кабылхамитовна, 01.10.1959 г., директор РМО Нуринского района, выдвинут НДП "НурОтан";

- Балабиева Женискуль Каркеновна, 02.01.1964 г., самозанятая, самовыдвижение.

**Зареченский №6:**

- Гаевская Татьяна Анатольевна, 14.01.1966 г., учитель географии, заместитель директора по воспитательной работе Заречной СШ, выдвинут НДП "НурОтан";

- Бокша Светлана Александровна, 26.05.1988 г., учитель русского языка, Заречной СШ, самовыдвижение.

**Шахтерский №7:**

- Меркулов Сергей Иванович, 15.07.1972 г., Государственный архив Нуринский район, директор, выдвинут НДП "НурОтан";

- Гринь Вера Алексеевна, 22.02.1959 г., предприниматель, самовыдвижение.

**Кобетейский №8:**

- Жунуспеков Куаныш Умиржанович, 15.11.1980 г., Директор КГП "Дом культуры" Нуринского района п.Киевка, выдвинут НДП "НурОтан";

- Бейспеков Руслан Серикович, 06.03.1989 г., культурорганизатор РДК п. Киевка, самовыдвижение.

**Ахметаульский №9:**

- Абаев Ербулат Ерденевич, 02.06.1972 г., Кировская СШ, директор с.Майоровка, выдвинут НДП "НурОтан";

- Жакупов Абай Сулейменович, 02.10.1962 г., самозанятый с.Майоровка, самовыдвижение

**Жараспайский №10:**

- Таттыбаев Экан Балтабаевич, 21.02.1950г., ТОО "Пржевальское", директор, выдвинут НДП "НурОтан";

- Гарифзянов Марат Рахимзянович, 01.08.1965 г., бригадир с. Пржевальское, самовыдвижение.

**Щербаковское №11:**

- Ныгметов Сейтжапар Алшынбекович, 11.11.1957 г., ТОО "Кайнар" Директор, выдвинут НДП "НурОтан";

- Мусин Кайрат Жакупович, 27.03.1971 г., ТОО "Кайнар" прораб с.Щербаковское, самовыдвижение.

**Баршинский №12:**

- Отарбаев Канат Жариясович, 25.10.1958 г., ТОО "Отқанжар" Директор, выдвинут НДП "НурОтан";

- Есембеков Жуаныш Сабырович, 27.02.1967 г., электрик ТОО "Отқанжар, самовыдвижение.

**Талдысайский №13:**

- Оспанов Мустафа Абуович, 23.08.1959 г., глава к/х Шубарколь, выдвинут НДП "НурОтан";

- Токсымбаев Сиильбек Сиильканович, 03.01.1952 г., самозанятый п.Шубарколь, самовыдвижение.

## ИНФОРМАЦИЯ

### о качественном составе делегатов внеочередной XII конференции Карагандинского Областного филиала Народно-Демократической партии «Нур Отан»

7 декабря 2011 года в областном филиале НДП «Нур Отан» прошла XII-конференция партийцев области. На повестке дня был вопрос «Об утверждении списка по выборам депутатов областного маслихата от партии «Нур Отан».

В конференции приняли участие шестнадцать делегатов от Нуринского районного филиала НДП «Нур Отан». Состав делегатов отражает весь спектр общества и включает представителей экономики, сельскохозяйственного производства, органов государственного управления, образования, культуры и здравоохранения.

Всего на областную конференцию избрано 293 делегата. По роду деятельности: 20 - руководители местных исполнительных органов, 52 - представители различных отраслей экономики, 67 - образования, культуры и здравоохранения, 63 - представители малого и среднего бизнеса.

По образованию: 98% делегатов имеют высшее образование, 27 делегатов – ученую степень доктора или кандидата наук, что подтверждает действительно высокий интеллектуальный потенциал конференции, так и партии в целом. 68 делегатов имеют государственные награды, около 35% делегатов составляют женщины. В возрасте до 40 лет – более 23%. На конференцию избраны представители 14 национальностей.

Мандатная комиссия признала полномочия всех избранных делегатов действитель-

ными.

После оглашения первым заместителем областного филиала партии Базарбаевым Аскармом Ермуразаевичем списка кандидатов в депутаты областного маслихата прошло голосование делегатов конференции, где единогласно партийцы области утвердили список кандидатов по выборам депутатов областного маслихата от партии «Нур Отан». Среди кандидатов в депутаты и Прокоп Георгий Георгиевич, директор ТОО «Шахтерское».

После завершения конференции в конференц-зале областного филиала партии было торжественное мероприятие, где активисты области были награждены юбилейными медалями и Почетными грамотами. Среди награжденных медалью «20 лет Независимости Республики Казахстан» Баянов Даулет Калхаманович, первый заместитель председателя Нуринского районного филиала партии, Рахимов Балмагамбет Рахимович, председатель комиссии партийного контроля филиала партии.

Благодарственным письмом Центрального аппарата НДП «Нур Отан» награжден Комекпаев Аскар Сыздықович, заведующий филиалом лицея №3, член общественного совета по борьбе с коррупцией филиала партии.

Нуринский РФ  
НДП «Нур Отан»

# ТӘУЕЛСІЗДІК БАҒА ЖЕТПЕС АСҚАН СЫҰЛЫҚ

Тұншығып өмір бойы жатқан қазақ, Ел болып есепке енбей болған мазақ, Кенеттен айбаттанып дүр сілкінді, Көрінді бар әлемге болып гажап.

Кеудеге жара салып, тас боп қатқан, Ашылып сыртқа шықпай, бұғып, жатқан. Кемсіту, қорлық, зорлық жанға батып, Жарылып жанартаудай аспанға атқан.

Ел ғой деп есептесіп санаспаған, Арсыздар ар намысын таптап басқан. Қазаққа ел басқарар бір жан жоқтай, Болады қандай қорлық мұнан асқан.

Таба алмай лайық жан қалың көптен, Өкелген әлде кімді қия шеттен. Қазақтың кең даласын шарпып өтіп, Ашулы үн бүкіл елді дүбірлеткен.

Үйренген менменсініп баса көктем, Өткізді өз өмірін зорлап өктеп. Отырып өз елінде, өз жерінде Биліктен қазақ байғұс қалды шектеп.

Өвелден бізді ел ғой деп елемеген, Мәскеу жоқ қазақтарды адам деген. Басының іс істеуі көрер көзге Жастың да, көрінің де жанын жеген.

Жиылып жастар шықты болып лек-лек, Ерекше көзге түсіп, жиылған көп. Шықырып қорғауыңа бүкіл елді Ойларын басшыларға түсіндірмек.

Жағ жана қалай жүрмек басын иіп, Жүректі жаралады, жаны күйіп. Қалың жас Алатауды алауатты, Көтерін әділдіктің туын биік.

Ұғар деп, түсінер деп көп тілегін, Ту қылып жастар шықты жас жүрегін. Дүлей күш ел тілегін елең қылмай, Таптап өгіп жоқ қылды ел сенімін.

Қатал жау гадеттенген бет қаратпай, Түр еді соқтығуға сылтау таппай. Қаруын керейінше сайлап алып, Жалақтап шыға келді жан алғыштай.

Көздерін қан құмарлық шелі басып Басшылар сөз тындамыс құлақ асып. Дайын тұр бұйрық күтіп солдаттарды Жібәрмек жас жанардың қанын шапшып.

Қолыма мықтап ұстап темір таяқ, Жиналған көпшілікке келді таяп. Таратпақ ұрып-соғып бәрін қуып Түрі жоқ қалатындай бәрін де аяп.

Кенеттен у-шу болды аяқ асты, Жендеттер көпке тиіп араласты. Сүйретіп жас қыздарды шапшартынан Тенкілеп абыройын, таптап басты.

Бәрінің үсті-басы қып-қылыз қан, Бәрі де нәзік жанды аямыған. Амалсыз жан сауғалап кете қалса, Артынан қуып жетіп ит талаған.

Қып-қызыл қан болғанда аяқ асты, Төбесін Алатаудың мұнар басты. Халықтың қайғысына қамыққандай, Дүниенің сұп-сұр болып сұрқы қалпты.

Кірісіп жазалауға өшпең дүлей, Тудырып үркітіп жүр көпке үрей.

Боялды айдын алаң қызыл қанға, Ұрып жүр кез келген бас, көз демей.

Соққылар ауыр тиіп, батып жанға, Боялып жатсадағы қызыл қанға. Ежелгі ерлік рух көтеріліп Шарықтап қазақ даусы шықты аспанға.

Бетпе-бет қатал жаумен алысқанда Күндіз-түн қарсы тұрып қарысқанда Бойларын ұлттық намыс, ашу кернеп Ұқсады жараланған арыстанға.

Сүйсіндім сол жастардың ерлігіне, Рухы көтерілген өрлігіне. Қаймықпай қарсы тұрып өршеленіп, Азаттық келді деп сенгеніне.

Көп адам өзі сенбей көргеніне, Қыздардың таң қалады ерлігіне. Халықтың абыройы, намыс үшін Шырылдан талайлары өлмеді ме?!

Жау таптап жатқанында салып ойран, Сонша күш нәзік жанға келген қайдан? Жасымай қайраттанып, жігерленді «Жан ардың садағасы» деген ойдан.

Дұшпан мейірімі жоқ әуел бастан, Қарусыз қарсы тұрып жағаласқан. Көрсеткен ұлттық намыс, абыройды Ерлікті мен білмеймін мұнан асқан.

Қазаққа бір ерен іс керек еді, Ел ғой деп бізді ешкім елемеді. Бойында ғасыр бойы тұнып жатқан Шығарған намыс қысып ерлік еді.

Талай жан азап шегіп, соққыда өлді, Көп елдің естіп, біліп көзі көрді. Өкімет құрметтейтін, ел сенетін Жұрдай боп абыройдан шыға келді.

Ерлік іс ел қамы үшін істен кеткен, Аңыз боп кең жайылып, көпке жеткен. Ұрпаққа кейінгі өскен үлгі емес пе, Көтеріп бүкіл елді тебіренткен.

Қазақтың ерлігімен рухтанып, Оянып бас көтерді талай халық. Қорлыққа енді біз де көнбейміз-деп Ұмтылды азаттыққа ұран салып.

Құр кетпей желтоқсанда төгілген қан, Аңсаған атар таңды жақындатқан. Бас ием батыр ұл мен қыздарына Лаулатып бостандықтың отын жаққан.

Азаптап тұншықтырған барша жанды, Теңселтті ел қаһарлы тас қорғанды. Қамаудан құлдық бұғау құтылмақ боп Армаңдан алға ұмтылды атар таңды.

Ел болып, есін жиып егеменді, Тілегін халқымыздың құдай берді. Қан төккен осы жолда талай ерлер, Демейік бұл еркіндік текке келді.

Өз елін бермейміз деп бөтен жаққа Бел буып Алаш тобы мінген атқа. «ЕСЕІ» деп, «Жас қазақ» деп ұрандаған, Жастардың арманымен келген жоқ па?!

Азаттық келер ме еді желтоқсансыз, Бостандық желтоқсанмен туған егіз. Жастардың ерлік рух, намысы ғой

Нұрланған жарық таңды көргеніміз. Гүлденіп Сарыарқадай сары дала, Орнады Астанадай әсем қала. Қазақты ел болмас деп есептеген, Еліме назар салып енді қара!

Қазақтың кең даласы бүкіл аймақ, Құлпырып келеді өсіп, гүл-гүл жайнап. Аспанда бозторғайлар әнге салып, Тоғайда тамылжытар бұлбұл сайрап.

Көрініп күндей күліп күншығыстан, Ел болдық егеменді бақыт ұшқан. Халықтың бейбіт өмір ордасы боп, Өркендеп келеді өсіп Қазақстан.

Жарқырап дүниеге нұрын сепкен, Халықтың қысы кетіп, келді көктем. Қиялдап талай ғасыр армандаған, Тәуелсіз ел болуға қолы жеткен.

Өшпейді енді елім өсе берер, Туыстар алыстағы көшіп келер. Толтырса халқым өсіп кең даланы Өмірде не қымбат бар бұған жетер.

Азаттық, бүгін біздер дербес елміз, Қиындық арпта қалды көргеніміз. Бас иіп, жалтақтайтын көрінгенге Бағынған бұрынғыдай құл емеспіз.

Тойғанын, жегендерін місе тұтпай, Бұл күнді кейбіреулер жүр ұнатпай. Сәулесін тәуелсіздік өшірмекші Торлаған күннің көзін шарпы бұлттай.

Нұрсұлтан түзу жолмен елді бастап, Соңынан ерлі халық тепіс қостап. Елдерді озып кеткен қуып жетіп Асудан талай биік әлі де аспақ.

Болсын деп туған елдің жүзі жарқын, Шығарды бар әлемге атақ даңқын. Бар, жоғын біздің елдің білбейтіндер Таныды сыйластықпен қазақ халқын.

Асыл сөз атамыздан қалған мирас «Ел даңқын ер шығарар» - дегені рас. Елбасы шам-шырақай алдымызда, Бұл беттен ешкім тежеп, тоқтата алмас.

Бұрылмай, бұлтақтамай оңға, солға, Ел түсіг араспайтын сара жолға. Талатпай жемқорлыққа жұмсай білсек, Байлықтың жанға керек бәрі қолда.

Тұрғанда қолымызға билік тиіп, Тіл, дінді көтерейік көкке биік. Бірігіп тас түйіндей іс істейік Туған ел, туған жерді шексіз сүйіп.

Молшылық, байлық сыймай арнасына, Құт қонды қазақтың кең даласына. Шарықтап елдің даңқы шықты аспанға, Еркіндік, тәуелсіздік арқасында.

Біздерде арман бар ма мұны көрген, Көре алмай талай жандар арманда өткен. Тәуелсіздік – баға жетпес асқан сыйлық, Жарылап халқымызды Құдай берген.

**Махмет ТЕМІРҰЛЫ**  
Совет дәуірінде азаттықты аңсап, азап шеккен қарт зейнеткер. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі

## Қазақ елінің ұлылары

Қазақ халқының қиын да күрделі тарихының бүгінгі күнге дейінгі негізгі мазмұны: оның еркіндік нәтижесінде ата-бабаларымыз тек қана өздерінің тұтастығы мен бірлігін сақтап қана қоймай, қазақ мемлекетін де құрды.

Қазақ халқы сонау есте жоқ, ескі заманда, тұлпармен дүниені дүр сілкіндірген сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ата жұртын сақтап қалған халық. Елім деп, жұртым деп жаудан бірде жеңіліп, бірде жеңіп жүрсе де, ар-намысын таптатпаған, ешбір дұшпанды басындырмаған елміз деп мақтанышпен айта аламыз. Ұрпағына аталы сөз қалдырған, есімдері ел есінде сақталған батыр-шешендеріміз де біздің елде болған. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев: «Қазақ халқы қара жерге тамырын терең жайған құдіретті ағашқа ұқсайды. Оның тарихы ғасырлар бойы жүректерінен енген. Ол қазақ хандығы құрылған XV ғасырдан бастап езелгі сақтардың, ғұндардың мәдениетінен бастау алады» деген болатын.

Қазақ елінің бірлігі мен ар-намысын Асан қайғы, Төле, Әйтеке, Қазбек атты данышпандарымыз, Қасым, Есім, Тәуекел, Абылай атты ұлы хандарымыз, Қабанбай, Наурызбай Райымбек атты батырларымыз елімізді, жерімізді қорғаған.

Ескіден қалған көне жәдігерлер сақ заманының куәгері «Алтын киімді» адамның алтын тостағындағы және түрік қағанатының тарихын танытқан Орхон-Енисей мен Талис жазбалары дәлелдеген шындық. Біз өз халқымыздың әлемдік өркениетке, хал-қадіріне үлес қосқанын мақтан етуге құқылымыз.

Тәуелсіздікті аңсаған қазақ елі үш жүз құрамында Ордабасы тауында 1726 жылы қалмаққа қарсы тұрған жерінде үш елдің президенті 1999 жылы кездесті. Ел басына күн туған кезеңде ұлттық сана қалыптасты. Тәуке ханның «Жеті жарғысы» ұлы тауда үш жүздің өкілдері бас қосқан «Таңбалы тас» шын мәнінде қазақтың тұңғыш «Ата заңы» жазылды. 1916 жылы Тәуелсіздікті аңсаған қазақ еліндегі ұлт-азаттық көтеріліс – қазақ халқының революциялық тартуы сана-сезімінің өскендігін көрсетті. Бұл көтеріліс қазақтардың империализмге, отаршылдыққа қарап сипатта болды.

Еркін Қазақстан-біздің ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы арманы, Ресейге бағынуға мәжбүр болғандардың, 300-ге тарта ұлттық көтеріліске қатысушылардың, 30-жылдардағы және Сталиндік репрессия құрбандарының, желтоқсан күндерінде ұлттық ар-намыс пен адамгершілікті қорғаудағы құрбан болғандардың арманы. 1991 жылы 14 желтоқсанда ата-бабаларымыздың қаншама жылдар бойы аңсап келген тәуелсіздігімізді алдық. Дәл осы жылдың 16 желтоқсанында тәуелсіздігіміз туралы заң қабылданды.

Және де тәуелсіздігімізді ала отырып Қазақстан Республикасының Президенті Болап Н.Ә. Назарбаев сайланды. Тәуелсіздікке 20 жыл міне толыпты Қазағымға Қыдыр ата жолықты Қазағымның не етпеген басынан Ашаршылық, сұм заманда, тарихта.

Қазақ халқының қиын да күрделі тарихының бүгінгі күнге дейінгі негізгі мазмұны-бұл оның еркіндік үшін күресі. Осы күрестің нәтижесінде біздің ата-бабаларымыз тек қана өздерінің тұтастығы мен бірлігін ғана сақтап қоймай, сонымен қатар X ғасырда қазақ мемлекетін құрды. Бүгінгі тәуелсіз ел болып, әлемдегі басқа да өркениетті елдермен тереземіз тең болып отырғаны батыр бабаларымызбен ел тағдырын ойлаған хандарымыздың, еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың арқасында екенін бүгінгі ұрпақ әрдайым есте ұстау керек.

Қазіргі Қазақстан-тәуелсіздік алған ел. Билік Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық мерей тойы. Біз де Қазақстан Республикасының жастары еліміздің экономикалық, саяси және рухани өміріне өзіндік үлес қосуға міндеттіміз. Тәуелсіздік баянды болсын!

Сонау Алтай мен Алатау, Атырау мен Арқа арасын алып жатқан кең байтақ жеріміздің шеті сөгілмесін, ырысымыз тегілмесін.

Жайықтан ұшса өмір Алтай таудан, Жете алмай құстың қанаты талған. Далам бар байтақ, езгеге арман Жалғанның тұтас жартасынан алған. Жанаттан артық ғажабым менің Мәңгілік мақтан Қазағым-елім.

**Ж.Д. Копина**  
Киевка №2 қазақ орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

## ӨЗ ІСІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ



жәндіктер мен өсімдіктердің жай-күйін, желдің бағытын, жердің ылғалдығын зерттеп, бақылаулар жүргізу қажет еді. Өзінің тандап алған мамандығына қызыға кіріскен Фалия оның қыр-сырына терең үңіліп, шебер меңгеруді мақсат тұтты.

Бірақ, бұл қуанышы ұзаққа бармады. Нарық қысағанына шыдамаған мекеме әп сәтте-ақ жабылып қалды. Сөйтіп, Фалия жұмыссыздар қатарына қосылды. Одан соң әр жерде әр түрлі жұмыс істеді. Дегенмен оның бәрі де Фалияның көңілінен шықпады. Сөйтіп, Фалия жаңа Астанаға аттанды.

Ауыл қызын Астана қатаң қабақпен қарсы алды. Себебі оның құрылысқа қатысты ешбір мамандығы жоқ еді. Бірақ, қайтсем де

өмірге бүгінгі күн талабына қажет мамандықты игерем деген мақсат оған қуат берді. Құрылысқа еніп, жаңа мамандықтың қыр-сырын меңгере бастады. Бұл жерде де айы оңынан туып жақсы тәлімгер Ангелина кездесті. Сөйтіп ол бір жарым жылдың маңайында хас шебер сылақшы болып шыға келді. Бұл оның шыдамдылығының, еңбекқорлығының, тиянақтылығының арқасы еді. Тапсырылған жұмысты сапалы, кәсіби деңгейде орындау оның бойына біткен ерекше қасиет.

Астананың талай-талай зәулім ғимараттарында осы бір қарапайым, қараторы келіншектің қол таңбасы қалды. Еңбегінің арқасында ұжым, басшылар арасында беделге ие болды.

Бүгінде Фалия үш бала тәрбиелеп, ана күтіп отырған аяулы жан, үлкен отбасының қамқоршысы. Үлкені Бекзат Астанадағы темір жол колледжінде оқиды. Азат – азат елдің баласы, Кәрім Мыңбаев атындағы мектептің 5-ші сынып оқушысы, өзін Отан қорғау ісіне дайындап жүр. Болашақта республикалық «Жас ұлан» әскери мектебіне оқуға түспек. Ал Жасмин болса әзірлік тобында.

Сонымен қатар, Фалияның қорасында бір отбасын асырайтын мал, құс та баршылық. Соның бәріне де нәзік жүректі жан Фалия уақыт таба алады. Себебі ол еңбекқор, пысық жан. Ауылдарда жұмыссыз отырған ер азаматтардың қорасында соқыр тауығы да жоқ екенін күнделікті өмірден көріп жүрміз ғой. Сондықтан да Фалия сияқты нәзік жанды, ер мінезді, өз ісінің майтамаңдары қоғамымызда көп болсын. Еңбегің жансын, Фалия!

**Бикен АХМЕТОВА**

Утверждено решением 42 сессии Нуринаского районного маслихата от 8 декабря 2011 №401  
Состав участковой избирательной комиссии:  
Участковая избирательная комиссия №799:  
Местонахождение – Нуринаский район, пос. Киевка, ул. Талжанова, 12, Киевская средняя школа № 2.  
Алпысова Карлыгаш Зейнелкабиденовна  
Бейсембекова Анар Сериковна  
Кудайбергенов Берик Амангельдыұлы  
Кумпан Лидия Арсентьевна  
Лазаренко Светлана Николаевна  
Оразова Болежан Нурлановна  
Токтамысова Асем Саржановна



Желтоқсан айының 9 күні Аудан орталығынағы №3 Киевка орта мектебінде Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған «Біз біргеміз» атты әндер байқауының шешуші кезеңі болып өтті.

Батыр бабаларымыздың қаһармандық күшімен, қыран қабақ сусымен, ақ найзаның ұшымен қорғаған кең жазира өлкемізге жан бітіп, жұлдызы жарқырағанына, халқымыздың көңіліндей дархан даламыздың дүр сілкінгеніне, кешегі желтоқсан жаңғырығынан теңселген тауларымыз тыным алып, ашық аспанымызға Азаттық әні әуелеп, тұғырымызда тәуелсіздік туы желбірегеніне міне, жиырма жыл!

Қазіргі таңда тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз іргелі. Көк байрағымыз самал желмен тербеліп, Өнұранымыз көгімізде қалқып, Елтаңбамыз терімізде тұр!

Ел ертеңгі жастарға сенім артады. Ел болашағы - жас ұрпақ алдындағы үлкен міндет-Тәуелсіздікті қолдан шығарып алмау, елімізді әлемдегі дамыған 50 мемлекет қатарына енгізу. «Білекке сенген заманда Ешкімге дес бермедік. Білімге сенген заманда Қапы қалып жүрмелік»-деп Абылай бабамыз айтқандай, Тәуелсіздіктің туын биікке желбірету білімді, өнерлі ұрпақтың еншісінде.

Осы орайда жас ұрпақтың патриоттық санасын ояту, атадан балаға мирас болып келе жатқан, халқымыздың ұлттық нақыштары мен салт-дәстүрін үйретіп, ұлттық рухтарын көтеріп, елін, туған жерін қадірлеп, өнерпаз балаларға қолдау көрсету мақсатында Киевка №3 орта мектебінің ұйымдастыруымен «Біз біргеміз» атты әндер байқауы болып өтті. Бұл байқау ел мақтанышы Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық тойына арналды. Барша жиналған қауымды ең алдымен осы мектептің директоры С.Н Сағымбеков Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығымен құттықтай кетіп, байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Желтоқсан айының 2-9 күні ара-



лығында болған байқауға мектеп оқушылары мен сынып жетекшілері сонымен қатар ата-аналар қатысты. Байқау үш кезеңнен өтті. Бірінші кезең өзара сынып ішінде болып, үздік деп танылған оқушы сынып жетекшісімен немесе ата-анасымен екінші турға жолдама алды. Бұл сайыстың басқа байқаулардан ерекшеліктері, сынып жетекшісі немесе ата-анасы оқушымен бірігіп сайысқа түсу болатын. Сондықтан аталған доданың тақырыбы «Біз біргеміз» деп аталса керек. Екінші бөлімінде әр жанрдағы әндер шырқалып, 18 жұп қатысқан болатын. Екінші бөлімге қатысқан үміткерлерді атап кететін болсақ олар; сынып жетекшісі С.Д Ысқақова мен оқушысы А.Әлмағамбетова, сынып жетекшісі Л.Ж Сағымбекова мен оқушылары К.Бычек пен Д.Горбачева, сынып жетекшісі В.Л Барисова мен оқушысы А.Лисица, сынып жетекшісі А.А Ержанова мен оқушысы А.Түсіпова, сынып жетекшісі Г.З.Әубәкірова мен Сәкен.С, ата-анасы Б.Т Мусин мен оқушы М.Ерсін, ата-ана А.Сейтқалиев пен Т.Шеруов, ата-анасы Ж.Тұранова мен Б.Жапарханов, Қ.Қ Өбенова мен М.Темірбеков, ата-анасы Ж.Бекенова мен А.Есенова және Н.Қыстаубаева, С.Б Букеров пен А.Омаров және А.Айтжа-

МӘДЕНИЕТ

«БІЗ БІРГЕМІЗ»

нов, ата-анасы Т.Штро мен Е.Кудашев, сынып жетекшісі В.И Куприянич пен М.Жиеналиева және Е.Савчук, ата-анасы А.Шілдебаева мен Ә.Армиева және Д.Сағындық, сынып жетекші В.П Станкевич пен оқушысы Д. Оспанова, ата-ана М.Жүсіпбеков пен оқушысы А.Жүсіпбек, ата-анасы Ж.С Хакенова мен оқушылары А.Хакенова және Л.Саттарова, сынып жетекшісі Ш.Б Жанқұттоға мен оқушысы С.Жаркенова, ата-анасы С.С Жүсіпова мен оқушылары М.Әубәкірова және П.Бушанова, сынып жетекшісі О.К Габдуллаева мен оқушысы А.Айтжановалар болды. Есімдері аталған мұғалімдер мен ата-аналар және оқушылар барлығы 2 айналымда әртүрлі жанр бойынша өз өнерлерін көрсетті. Қазылар алқасы өнер көрсеткен әр жұптардың орындаушылық шеберлігіне, дауыс диапазонына, сахнада еркін қимыл жасауына, сахналық бейнесіне қарап баға берді. Сондай-ақ, би қойылымында көркемдік деңгейіне, орындалу және техникалық шеберлігіне, музыканың биге сәйкестігіне, сахна мәдениетіне және киіміне жете кеңіл аударды. Қазылар алқасының шешімімен 18 жұптың ішінен 10-ы 3-турға іріктеліп алынды.

Әндер байқауының 3-шешуші кезеңі Патриоттық әндер тақырыбында болды. Үшінші кезеңге өткен 10 жұп өздерінің көңілінен шығып, жүректеріне жеткен патриоттық әндерін шырқады. Бақауда шырқалған «Туған жер», «Қазақ елі», «Мир который нужен мне», «Мой Казахстан», «Астана», «Жаса Қазақстан», «Атамекен», «Алга, қазақ жігіттері» әндері тыңдарман халықты бір қуантып тастады. Әдемі безендірілген сахнаның нақ ортасында «Біз біргеміз» сайысының безенірілуі мен жарқырап тұрған залы да барша көрермендерді баурап алды.

«Бұлақ көрсең көзін аш» деген де аталы сөз бар. Бұл нақыл сөз тура және ауыспалы мағынаға ие. Бұлақ дегеніміз – қашанда қайнар. Жанға шипа. Көңіліңнің шөлін басатын шарапаты мол. Тек сол бұлақтың кезі бітелсе, бар қасиеті көмескі тартады. Міне, адамның да бойындағы өнер де дәл сондай. Дер кезінде дамытпаса, танытпаса табиғи талант тұншығып өледі... «Біз біргеміз» өткізілген шығармашылық байқаудың да мақсаттарының бірі - таланттарды тауып, танытып, ауыл мәдениетінің маңызын арттыру болса керек.

Сахнада шырқалған әндердің қорытындысы бойынша бас жүлдені 6 «Б» сыныбы жеңіп алды. Айтылған «Туған жер» әні жоғары деңгейде шырқалды. Сынып жетекшісі Станкевич Вероника

Павловнаның жақсы дайындалғандығы бірден байқалды. Орыс ұлтының өкілі бола тұра қазақ тіліндегі әнді еш мүдірмей, талапқа сай орындағанын бағалай білген әділ қазыларының дұрыс шешім қабылдағанына ешкім күмән келтірмеді. Оқушысы Оспанова

Диана да Туған жерінің нағыз патриоты екенін көрсете білді. Ал бірінші орынды «Атамекен» әнімен 6 «Ә» сыныбы жеңіп алды. Екінші орынды 7 «Б» сыныбы «Мой Казахстан» әнімен және 9 «А» сыныбы «Қазақ елі» әнімен жеңіп алды. Үшінші орынға 11 «Ә» сыныбы «Астана», 7 «А» сыныбы «Жаса, Қазақстан» және 5 «Б» сыныбы «Мир который нужен мне» ие болды. Жас таланттардың өнерін тамашалаған көрермендер де риза болып, қол соғып, гүл шоқтарын сыйлап, қошеметтерін көрсетті.

Байқау соңында өздерінің өнерлерімен Ерболов Ерболат, Сұңғат Сәкен және Жомартов Серік есімді осы мектептің түлектері өздерінің өнерлерімен көрермен қошеметіне беленді. Жас бола тұра «Нысана» деген атпен папури әнін шырқап, барынша би билеп өнер көрсеткен жастарға да алдағы күндерде биік белестерді бағындыра берсін демекпіз. Ал осы байқаудың етуіне басынан аяғына дейін ат салысып, еңбек еткен мектеп мұғалімдері Татьяна Николаевна мен Гауһар Сабырқызын, сонымен қатар жүргізуші оқушы Бахриденова Заринаға еліміздің абыройын асқақтатын жандардың қатарында бола берсін дегіміз келеді.

Әмірхан НАҚЫПОВ

20-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ ПОСВЯЩАЕТСЯ...

9 декабря 2011 года на стадионе «Нура» проходил традиционный турнир по волейболу среди девушек, посвященный 20-летию Независимости Республики Казахстан. Спонсором этого турнира ежегодно является директор ПТУЦ «Отан» Серик Маканович Жапаров.

В турнире приняли участие 6 команд: Киевка ДЮСШ - 2 команды, СШ им. К. Мынбаева, КСШ № 2, Индустриальная СШ, Путь-Ленин-

воспитанники ДЮСШ и дети Заречной СШ. На дистанции 5 км 1 место занял Олег Пронин, 2 место – Борис Колесников, воспитанник ДЮСШ. 3 место у ученика Заречной СШ – Александра Мауэра.

На дистанции 3 км 1 место занял Дима Романенко, 2 место – Юра Щинников - ДЮСШ п. Киевка, 3 место - Женя Корчевский из Заречной СШ.

На дистанции 2 км 1 и 2 место поделили Степа Чеботаев и Дамир Жармаганбетов из Заречной СШ, 3 место занял Данил Жумадилова – ДЮСШ п. Киевка.

У девочек на дистанции 2 км 1 место заняла Катя Охинько - ДЮСШ п. Киевка, 2 и 3 место у Наси Кралевской и Надежды Бесоной. Всего одну секунду проиграла Марина Шкаренко, она была четвертой.

Все призеры этих соревнований поедут на областные соревнования, которые будут проходить с 14 по 18 декабря в г. Караганде.

Пожелаем нашим лыжникам успехов в областных соревнованиях.



ская СШ. Команды были разбиты на 2 подгруппы.

1 место заняла команда ДЮСШ: тренер-преподаватель – Г.Баранов. Участники: Света Есипова, Алина Гизатулина, Наргиз Гизатулина, Дилара Жантуова, Вероника Косий, Юля Rogozinская.

2 место заняла команда ДЮСШ филиал школы им. Мынбаева: тренер-преподаватель – С.Есенов. Участники: А.Рыкова, А.Култай, А.Куаныш, С.Кали, М.Толубаева.

3 место заняла Путь-Ленинская СШ. Физруки школы: Н.Кандыбко и А.Усенова. Участники: Р.Сейтжан, Бектембекова, С.Раханова, Букитбаева, Н.Кандыбко, А.Алькен, А.Жуматова, Д.Сагинаева, С.Мухамедина.

Лучшим игроком соревнований признана – Есипова Светлана, ученица 11 класса КСШ № 1, воспитанница ДЮСШ тренера Г.Баранова.

Все призеры соревнований были награждены Кубком, грамотами, которые предоставил директор ПТУЦ «Отан» С.Жапаров. Большое ему спасибо за совместную работу в воспитании подрастающего поколения.

10 декабря в Центральном парке поселка Киевка прошли соревнования по лыжным гонкам «Открытие зимнего сезона», посвященные 20-летию Независимости Республики Казахстан. В этих соревнованиях участвовали



Хочется поблагодарить директора Заречной СШ Кусаина Бакишевича Нукушева за активное участие в соревнованиях по зимним видам спорта.

О Б Ъ Я В Л Е Н И Е

На стадионе «Нура» открылся каток. Приглашаем всех детей и взрослых в свободное время приходить кататься на коньках.

О. БАРАНОВА, завуч ДЮСШ

НАЛОГОВОЕ УПРАВЛЕНИЕ ПО НУРИНСКОМУ РАЙОНУ ИНФОРМИРУЕТ

С 1 января 2012 года согласно закону РК «О национальных реестрах идентификационных номеров» от 12 января 2007 года № 223-III (далее – Закон о реестрах идентификационных номеров) Казахстан окончательно переходит на применение новых единых идентификационных номеров.

В статье 570, 572, 575, 647 Налогового кодекса внесены дополнения, согласно Закону РК от 21 июля 2011 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам налогообложения», которые предусматривают замену налогоплательщикам бланков, не имеющих сведений о ИИН/БИН.

Наличие ИИН/БИН в свидетельстве о постановке на регистрационный учет по НДС, регистрационной карточке ККМ является обязательным при условии выдачи таких бланков налоговыми органами с 1 января 2012 года.

Перечень документов, утрачивающих свою силу с 1 января 2012 года, если в них отсутствует ИИН/БИН, приведен пунктами 3, 4 статьи 9 Закона о реестрах идентификационных номеров.

Пунктом 1 статьи 37 закона РК «О нормативных правовых актах» от 24 марта 1998 года № 213-1 предусмотрено, что отсутствие на бланках, выданных налоговыми органами, до 1 января 2012 года ИИН/БИН не является основанием для признания их недействительными.

В соответствии с обновлением информационной системы СОНО, распечатки свидетельства о постановке на регистрационный учет по НДС с отражением ИИН/БИН будут производиться с 1 января 2012 года. Замену бланков свидетельств по постановке на регистрационный учет по НДС необходимо производить в соответствии со статьей 570 Налогового кодекса.

Свидетельства о постановке на регистрационный учет по НДС, выданные до 1 января 2012 года, в которых отсутствует ИИН/БИН, не прекращают свое действие после 1 января 2012 года.

Прием заявлений для замены документов будет осуществляться:

- до 1 января 2012 года – по формам, утвержденным приказом Министра финансов РК «Об утверждении форм налоговых заявлений» от 30 декабря 2008 года № 634;

- с 1 января 2012 года – по формам, подлежащим утверждению постановлением Правительства РК, которое в настоящее время находится в Канцелярии Премьер-Министра РК.

Документы, подтверждающие присвоение ИИН/БИН для юридических лиц – свидетельство о государственной регистрации юридического лица, учетной регистрации филиалов, для физических лиц, в том числе ИП, зарегистрированных в форме личного предпринимательства – удостоверение личности, для индивидуальных предпринимателей, осуществляющих деятельность в форме совместного предпринимательства, – свидетельство индивидуального предпринимателя, для нерезидентов – регистрационное свидетельство.

«ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК»

Қазақстан егемен ел ретінде қалыптасудың биік белесінен өтті. Астанамыз гүлденді, жастарымыздың арманы болған, ертегідей елге айналды. Осы қалыппен алаға жылжи отырып, дамыған елдер қатарына қосыларымыз сөзсіз.

Мемлекеттің жиырма жылдық тарихы күрделі ізгі істерді атқарды. 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық заң жаңа тәуелсіз қазақстанды дамыту үшін негізгі құжат болып табылады. Елбасымыз Н.Ә Назарбаевтың дана саясатының арқасында Тәуелсіз қазақстан халқының қол жеткізген ұлан-ғайыр табыстың мақтан етіп, ез үлесімізді еліміздің жарқын болашағына арнаймыз.

Желтоқсан айында туған оқушыларымыз туған күнімен құттықтап, жеделхат жол-

даймыз. Бүгін сенің туған күнің, Құтты болсын балғындар! Сендерге мол сыйым бүгін, Жырдан шашу шашылар. Бейбіт аспан аясында, Оқып, білім алыңдар. Ел тізгінін нық ұстардай, Елге қорған болыңдар. Көшбасшымыз бастап берген, Даңғыл жолға еріңдер. Еркелікпен жалқаулықты, Сырт айналып кетіңдер. Денсаулығың мықты болып, Батыр болып өсіңдер. Достық туын берік ұстап, Сыйластықта өтіңдер!

Әбілдина Райхан Нүркеқызы



**ЖИЫРМА ЖЫЛЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫҢ, ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ**



Торқалы той құтты болсын, қазағым, Оңға басты асыл елім қадамың. Жиырма жылдық тарихы бар бағыңа, Жүрегімнен жырымды арнап жазамын.

Асыл елім, құтты болсын жиырма жыл, Жай бір жеңіл анау-мынау емес бұл. Еңселі елдің Тәуелсіздік тұғыры, Алғаш рет тұрғызылған бұл күні.

Киелі елім, қанша азап тартсаң да, Атты міне Тәуелсіздік ақ таң да. Жүрегіңмен қалай ғана жырламасаң, Жиырма жылың тойланып міне жатқанда.

Тәуелсіздік таңын бізге атырған, Тәуелсіздік елі үшін шарқ ұрған. Ұмытпайық ұлы есімді ешқашан, Қазақ үшін елді алаңға шақырған. Ұл-қызың бар жүректе қалған мәңгілік, Сыйлаған жанын Тәуелсіз бізге таң қылып. Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбиралар есімі Ұмытылмас санамыздан мәңгілік.

Тәуелсіз ел, ашық болғай аспаның, Қазақ елі теңі емеспіз басқаның. Тойлат бүгін, тойлай бергін еңселі ел, Құтты болсын жиырма жылдық ақ таңың.

Бақытты елім, Нұра жерім, байтағым, Ата берсін әрқашан да бай таңың. Тәуелсіздік торқалы той тұсында, Мың-мың мәрте құтты болсын айтамын!

**Адьят Байкал, Пржевальское орта мектебінің шығармашылық ісінің ұйымдастырушысы.**

**Желтоқсан ызғары**

**Тәуелсіздік тәу етер, жалғыз киені!**

«Қылышынан қан тамған Кеңес үкіметі...» Осы бір сөзді естігенде «кемелденген социализм» тұсында әлеуметтік «теңдікті» еске алып, сөз жарыстырып, дауласа кететіміз рас. Ал, бірақ, тарихтың тереңіне бойлап бағалайтын болсақ, көп халықтарға әсіресе қазақ халқына қанша қасірет әкелгенін бағамдап түсінеміз.

Бұл, іріп-шіріп бара жатқан патшалық Ресейдің 1-дүниежүзілік соғыстан кейін әлсіреген, сыртқы күш және ішкі факторларды яғни өсіп келе жатқан заманда империя болған Түркі халықтары мен иіліккісі келмейтін Қап тауы халықтарының азат ел болуға деген құлшыныстары мен мүмкіндіктерін есепке алып, жаңа тұрпаттағы Ұлы Орыс империясын сақтап қалу үшін бір идеяның айналасына топтастырып жасаған орыс шовинистері мен ұлтшылдарының қанды реформасы сияқты... Мақсаты әлеуметтік теңдік, әділеттік болса да, негізгі мақсаты – жаңарған орыс империясын құру болса керек. Оның астарында бәрі жатыр.

Осы кезеңде ұлттың Ұлы арман-мақсатын, ұлттық құндылықтарды ту еткен Алаш арыстарының және басқа «бұратана» халықтардың да оқыған, кезі ашық, көкірегі ояу зиялыларының арыны қатты еді.

Әрине, бұл тарихшылардың талдап-таразылайтын шаруасы. Дегенмен, бізге ой салғаны алпысыншы жылдардың аяғы мен сексенінші жылдардың басы – «кемелденген социализм» деп атаған тұрмыстың, жұмыссыздық мәселесін шешкен «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» жылдарға жастық шағы деп келген жастардың әділеттігі азат етіп 1986 – жылы желтоқсанда орталық алаңға шығуы неліктен? – деген сұрақ.

Өйткені ез жерінде ана тілің тұрмыстың деңгейінде ғана қолданылып, әсіресе қалалық жерлерде ұлттың кемсітушілікке ұшырап, өз елінде өгей баланың күйін кешу қандай да бір оң шешімін тапқан әлеуметтік мәселелердің қасында әділетсіздік, қиянат еді. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз аңсаған, сол жолда талай жаумен алысып, қанын төгіп шейт болған қазақ ұл-қыздарының рухы өлмегенінің көрінісі – Желтоқсан кетерілісі. Көтерілісі – Тәуелсіздік! Бүгінгі күні Тәуелсіздік туралы сөз қозғағанда Кеңес Республикаларының өз алдына ел болуларына түрткі болған Тәуелсіздік жаршысы – Желтоқсан кетерілісінің қатысушы куәгерлерін білеміз бе?... Олардың бастан кешкен, көрген-түйгендері кейінгіге сабақ, ұлттық бірлікке бағайтын насихат.

Осы орайда қазақы қарапайымдылығына басып, суыртпақтамасаң сыр аша қоймайтын Аханова Зура Шайдақызы туралы айтсам деп едім. Жараспай ауылының тумасы, көрші Құланәтпес ауылында орта мектепті аяқтап Қарағанды қаласына жұмысқа барған Зура Шайдақызы екі жылдан соң әрі жұмыс істеп, әрі бір мезетте оқу үшін арман қала Алматыға бет алады. «Алма-атаотделстрой»-ға қарасты 37-СМУ-да сылақшы маляр болып жұмыс істеп жүріп КазМу-дың физика-математика факультетінің кешкілік бөліміне оқуға түседі. Сол ызғарлы желтоқсанда АЗВИ жатақханасының екінші қабатын жөндеуден өткізіп жұмыс істеп жүрген қыз-жігіттерге студент жастар тез-тез маңызды ақпарат таратып өтеді. Бойларын намыс көрнеген жұмысшы жастар да орталық алаңға тартады. Алаңның бел ортасында боған Зураның айтуынша зиялы қауым өкілдері де дем беріп, азаматтық парыз деңгейінен көріне білген.

«Солардың бірі – бетін тұмшалап алған, намысты қайрап, рухымызды көтерген Тұңғышбай аға Жаманқұлов еді. Сол күндері бастарын қатерге тіккен жастардың арасында осындай елге сыйлы ағалардың болғанын біреу білсе, біреу біле бермес. Жоғарыдан бұйрық жеткен әскерилер салер күректерімен, басқа да қаруларымен ұрып-соғып, мұздай су шашып жанышқанда қанымыз басқа шауып, қарсылық одан сайын күшейе түскен еді» - деп бүгіндері еске алған Зура Шайдақызының тұла бойын көрнеп көткен ыза алаулаған жүзінен көріне бергенде талайлардың жүрегінде сыр, ашылмаған ақиқат жатқанын аңғатқандай... Қолдарын бұрап, әйел заты екеніне де қарамай ұрып-соғып арнайы дайындалған машиналарға тоғытып милиция белімшелерінің камераларына өкеп қамаған.

Камераға сыймағандарын «Красный уголокқа» сүйреп тыққан. Алматы қаласы Октябрь аудандық ішкі істер бөлімінде қамауда отырғанда «Қандастарым-ай, қарындастарым-ай» - деп сырт көзден тығып нан, су беріп тұрған ұлтжанды азаматтар – полковник, майор, капитан мырзалар да болған екен. «Біз ашық білдірсек біздің көзімізді құртып жібереді, сендердің жағдайларың одан сайын қиындап кетуі мүмкін. Сендерді нағыз шовинистер тергейді, бізді дұрыс түсініңдер. Бірақ рухтарың түспесін» - деп ағалық ақылдарын айып, қамқор көңілмен жанашырлақ танытқан ішкі істер офицерлерінің «өттеген-ай, есімдерін біле алмадым» - деп те өкінішпен еске алады.

Осылай оқуға да мүмкіндік болмай, қатардағы қарапайым жұмысшы Аханова Зура Шайдақызы «Алма-Атаотделстройға» қарасты СМУ-37-нің басшысы ұлты еврей Виваттың пәрменімен жұмыстан 33-бап бойынша шығарылады. Ол кезде КЗоТ-дағы 33-бап ең ауыр жаза екенін замандастар ұмытпаған шығар. Содан кейін оқуға түсуің, басқа жұмысқа орналасуың қияметті еді ғой. Содан қиын шақта «лауазымнан айырылып қалам, өзім де жазаға тартыламын» - деп қорықпай, жүрегің жұлып беруге дайын ұлтжанды азаматтар да болған екен. Олардың есімін ел-жұрт біліп жүруі керек. Саналуы да саналы сондай азаматтардың бірегейі «33-бап бойынша оқудан, жұмыстан шығарылған қазақтардың барлығын жұмысқа алам» - деп, және алдына барған қазақтарды жұмыссыз қалдырмаған «Минздравстройдың» «Стройотдел» басшысы марқұм Тестекбаев мырзаға мың да бір алғыс. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дей отырып, үрім-бұтағы көбейіп көркейе берсін демекпіз.

Ұлт алдындағы, ата-баба аманаты алдындағы парыз үдесінен шыға білген осындай жайсаңдарды қалай мақтап, марапаттаса да жарасады.

Қазақ жастарының талабына түсінікпен қарап, адамгершілік ардан аттамай көмек қолын созған басқа ұлт өкілдерінің де болғанын жасырған жараспас, айтпай кетсек ағаттық болар.

Келер күндерде кезігер кедергілерді жеңілдеткісі кеп қазақ жұмысшы жастарын 33-бапқа іліктірмеуге тырысып достық пиғылмен кемектескен ұлты орыс бригадир Кирилов Викторға да рахметін жаудырған Зураның сөзінен жақсы адамдар қай ұлтта да бар екенін, қандай жағдайда да ақ пен қараны ажырата білуіміз керек екенін тағы бір ұққандай боламыз.

Ал бүгіндері, Тәуелсіздікке оның баянды болуына еш үлес қоспаған кейбір шенеуніктерді, кейбір депутаттарды, дарынсыз басшыларды, ашығын айтқанда өлдекімдерді, Тәуелсіздіктің 10 жылдығы, 20 жылдығы медалімен марапаттау еш қиынға да келмеді, әрі ұят. Олардың ішінде отаршылардың сойылын соққандар да еріп жүр.

Бір ұлы адамның: «Революцияны данышпандар дайындайды, фанаттар іске асырады, ал арамтамақтар жемісін жейді» - деп айтқаны бар. Нысанға дәл тигізген сез осындай болар...

«Өткенге салауат, болашаққа аманат»-демекші, қасымызда елеусіз жүрген Желтоқсан кетерілісіне қатысқан куәгер Аханова Зура ханымның қиын-қыстау күндерді бастан кешкендерін қысқаша баян ете отырып, сол күндері жастарға қол ұшын созған азаматтарға ризашылығымызды білдіріп, болашаққа тағылым болатын Желтоқсан кетерілісі – Қазақ тарихының бірегей шежіресі екенін түсіндім.

Тоталитарлық жүйедегі еркіндік аңсаған елдерде шамшырақ болған қасиетті де ұлы желтоқсанның заңды нәтижесі – бес жылдан кейін іске асқан Тәуелсіздіктің жариялануы тура сол уақытқа келуінде күдіретті бір заңдылық бар сияқты...

Тәуелсіздік табалдырығы алдында құрбан болған Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асановалардың рухтарына тағзым ете отырып, Тәуелсіздікке дейінгі тарихты кейінгілер көңілдерінде түйе жүріп, оның бізге бір-ақ күнде келе салмағанын біле жүрсе деген тілегіміз бар.

Тәуелсіздік мәңгілік баянды болсын!

**Әбілдин Болат Жараспай ауылы**

**ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӨТТІ ҰҒЫМ**

Туған еліме қызыға бүгін қарадым, Ғұлама жылдар әрқашанда әрбір парағын. Қалсын деп артта тілеймін көрген азабын, Тәуелсіздігім сыйлысын елге ғажап үн!!!

ақталды деген-осы. Ал, Н.Ә.Назарбаев оны тек өзінің жетістігі деп есептемей, «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында» атты еңбектерінде халықты өткеніне үңіліп, бүгінге шүкіршілік етуге тәрбиелеп отыр.

Тәуелсіздік! Иә, биыл ғасырлар бойы ата-бабамыз армандаған бақыт құсы – Тәуелсіздігіміз 20 жыл толып отыр. 2011 жыл Қазақстан үшін өте ерекше, айтулы жыл. Осыдан 20 жыл бұрын талай ғасырдың талай қыл көпірінен аман өткен Қазақстан, көрінгенді кезге іле бөрмейтін тақаппар, сұлулығы мен сұстылығы бірдей әлем алдында Тәуелсіздігін жариялады.

Жетпіс жылдай ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған ұлы Кеңес империясы да құлады. Коммунизм күнінің батып, тәуелсіздік таңының атқанына 2 жылдай-ақ уақыт болса да, еліміз етек жинап, еңсе көтеріп, сәні мен салтанатты қатар түзеген, керсе кез тоймайтын ел болды.

Қуаныш пен жақсылыққа толы 20 жылға кез жіберіп қарасақ, ата-бабамыз сан жылдар бойы аңсаған арманы, көздеген мақсаты орындалған екен. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» - деп дана халқымыз айтқандай сол жұмыстардың дәл ортасында ел Президенті Н.Ә.Назарбаев жүрді.

Тәуелсіздіктің алғашқа жетістігі халқымыз өз тандауымен Ел Президенті сайлады. Сөйтіп, оған үлкен сенім артты, міндет жүктеді. Н.Ә.Назарбаевтың көргенділігі арқасында Қазақстан әлемге танылды. Ел сенімі

«Қазақстан-2030» және жыл сайынға Жолдауы біздің адаспайтын жолымыз, айқын бағдарымыз. Осы Жолдау аясында біз әрдайым өсіп, даму жолындамыз. Болашақта да, солай бола бермек. Қазір елімізді табиғаты таңғажайып, экономикалық аймағы нығайып, ортақ шаруашылық нарқы құрылған, медицина, білім беру жүйесі озат жолға қойылған мемлекет деп нық сеніммен айта аламын.

Қорыта келе айтарым: «Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ» - дегендей, тәуелсіз елдің тізгіні болашақ жастардың қолында дегім келеді. Еуропа мен Азияны қосатын көпір ретінде оқушыларға қосар үлесім бар, деп білемін. Жас ұрпақты алға жетелеуде аянбай еңбек етеріме куанамын.

Өрқашан Қазақстан тәуелсіздігінің тізгіні қолға алып, еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, өзіміздің өзгемен терезесі тең ұлт екенімізді сезініп, еңсемізді Елбасымен бірге еркін көтере берейік, халайық!

Ежелден аңсаған еркіндіктің туы жоғары, елдігі берік, тілегі қабыл бола берсін! Тәуелсіздіктің туы тұғырлы болсын.

**Айғаным Текебаева, Абай атындағы Шұбаркөл орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.**

**Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының 25 жылдығына арнаймын ҚАРАЛЫ КҮН**

Өмір тілім тоқтамас, Намысым жанып тұрғанда, Кінәсіз талай қыршын жас Жазаланды желтоқсанда. Көзімнің жасы тоқтамас, Есіме сендер түскенде, Дауыстарыңды естимін, «Желтоқсан» желі ескенде. Қайран жұртым қазағым, Не көрмеді бұл басың Сараусыз балапандарға Бола алмай қорған көз жасың. Жүректен шыққан ащы ыза, Қаламнан жас бол төгілер, Алаңға шыққан халқым деп Қанды жас төккен балаңды Халқым-ау естіп жүрсіндер! Көзбенен көрген қан майдан Ұмытқан жоқпын қарағым Сызы әлі кеткен жоқ

Жүректегі жараның. Қол байлауда, тіл кесік, Торға түстік бәріміз Шындықты айт деп шырылдап, Шырқырады арымыз. Мұңнды тындар жан таппай Мұшыл болды хәліміз. Жырменен айтып жырладық, Балапан арын арладық Кез толып, саусақ сынғанша Жаудан өсте тынбадық Шырылдап ақын тілімен Шындықтан таға танбадық «Бас кеспек барын» білеміз «Тіл кеспек жоғын» тағы да, Кесілмеген «кесік» тілменен Ақындар жырлап жүргенде, Қазақтың мына бағына Елбасымен бір болдық Егеменді ел болдық!

**ТӘУЕЛСІЗДІК ТӨЛ МЕРЕКЕМ!**

Жетпіс жыл бодандықта, Қаралы тізімде жүрдік. Қалт-құлт етіп тайғанақтап, Қылыштың жүзінде тұрдық. Іштей жылан, талай жыл, Сырттай күліп, Көрінген көк аттының Қолында болдық. Қазақтың тағдыры қара

тұман боп, Қапаста жүрдік, Қыршындардың жанын беріп, Аяққа тұрдық. Арулардың қанын тегіп, Тендікті білдік. Бүгінгідей Тәуелсіздік, Елдікті құрдық.

**Тәуелсіздік жасында құрбан болған жерлесім Қайрат Рысқұловтың рухына арнаймын ҚАЙРАН ЖИЫРМА БІР**

Ел басқарған Сол жылдары 21-ші басшы еді. Қайрат сонда Тал шыбықтай, 21-жаста еді. 21-күн заң алдында Атқан оққа шырылдап. 21-камерада Қайран Қайрат Жатты енді. Семейдегі абақтыда 21-камера, Қайрат жанның өлгеніне Куе болып қалдың ба? Елеңдеп ұшқан көбелек, Қалыда түсіп алауға Қоштасты-ау Қайрат

Өмірмен 21-мамырда. Өмірден Қайрат кеткен соң, Арада жылдар өткен соң, Жазықсыз деген жан дауыс, Жоғарыға жеткен соң, Қанды жас көзден аққанда Сары уайым ыза боп, Сағыныш жанға батқанда Қайрат деген атыңа Қазақ – деген затыңа Нашақор, ұлтшыл, бұзық деп Қара күйе жаққанда Ақталды-ау қайран арысым, 21-ші ақпанда.

**Айдана Балтабаева, Майоровка ауылы**

**ТҮЗЕТУ**

Газеттің № 50 санындағы «Ұстаз туралы ой» мақаласының авторы Жұмағұл Шөженов, аудандық сот төрағасы деп оқылсын.



### ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ШЫҢЫНА 20 ЖҮЛДЫЗДЫ КҮН

Тәуелсіздіктің 20 шыңына 20 жұлдызды күннің аясында Ақмешіт модельді ауыл кітапханасы, ауыл әкімшілік аппаратымен бірлесе отырып жұмыс – жоспары жасалып, іс-шаралар өткізілді.

25 қараша күні ауылдық кітапханада «Қазақ елінің рәміздері» атты тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылып, С.О Талжанов атындағы мектептің 6-7 сынып оқушыларымен «Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіздік тірегі» атты тақырыпта көпшілік іс-шара өтті. Бұл іс-шараға оқушылармен бірге осы сыныптардың жетекшілері Қ.К Рахымов, А.Қ Мынғыш және мектеп кітапханашысы Асайнов М.А қатысты.

Бұл іс-шараның мақсаты: Мемлекеттік рәміздерді кеңінен насихаттап және оқушылардың мемлекеттік рәміздерге деген сезімін қалыптастыру.

«Біз Тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Өнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы – осы», - деген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың арнау сөзін Қазақ елінде тұратын және оны өз отаным деп білетін әрбір азамат жүрегінің терең түкпірінде сақтап, қашанда жадында ұстауы керек. Бұл баршамыздың туған ел алдындағы перзенттік борышымыз! Әрине, мемлекеттік рәміздерімізді қастерлеп, қасиеттеу үшін, алдымен мемлекеттік рәміздер туралы терең түсінік болуға тиісті. Мемлекеттік рәміздер де белгілі бір елдің өзіндік өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін, айрықша арман-аңсарын, басқалармен байланыс мұратын білдіретін белгі. Сонымен, бүгін өмір сүріп отырған үшінші мыңжылдық ғасырынан, сонау алғашқы адамзат пайда болған ерте кездерге ауысамыз да, мемлекеттік рәміздер туралы білімімізді сарапқа саламыз, - деп бастап кітапханашы еліміздің туына, елтаңбасына, өнұран тарихына кеңінен тоқталып өтті. Арасында өткізілген тақырыпқа байланысты сұрақтар қойылып отырды, соңында оқушылар еліміздің өнұранын орындап, 7 сынып оқушысы Қазтай Нұрбол Елбасымыз Н.

Назарбаев пен дарынды әнші композитор Б.Тілеуанның «Елім менің» әнін орындап берді және осы шараға қатысқан оқушылар Отан, Қазақстан, Ту, Елтаңба туралы өлеңдер, мақал-мәтелдер айтты. Бұл шараға мектеп оқушылары белсене қатысып, өздерінің білімдерін ортаға салып, білгендерін көңілге түйді деп ойлаймын.

30 қараша «Келісім» күні кітапханада С.О Талжанов атындағы мектеп ұжымымен бірлесе отырып «Тәуелсіздік – ел бірлігі» атты әдеби - сазды көш өткізіліп, 1-11 сыныптар арасында «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» атты тақырыпта сурет сайысы ұйымдастырылды. Ауылымыздың еңбегімен елге танылған ауыл азаматтары зейнеткер аталарымыз Аршенов М, Ермоленко Н.П және Баубеков А шақырылған болатын, бірақ тек қана Баубеков Алпыс ағамыз қатысты бұл іс-шараға.

Ауыл әкімі алғаш болып, сөз алып бүгінгі отырысқа қатысушыларды бүгінгі Келісім мерекесімен құттықтап, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесі жақындап қалды. Біз экономикасы іргерленген елде өмір сүріп жатырмыз, осы біз мекендеп жатқан Қазақстан елінің тәуелсіздік жылдары көп табысқа қол жеткіздік. Халықтар достығы – адамдардың өзара түсіністігін бейнелейтін ұлттық келісім жетістігі. Ол құрметті оқушылар сендер еліміздің болашағысыңдар, біз сендерге сенеміз» - деп сөзін аяқтады.

Кітапханашы бастап, оқушылар қостап, мерекеміз одан әрі әрлене түсті. Оқушылар Отан, Қазақстан, достық, ынтымақтастық жайлы өлеңдер оқып берсе, 6 орыс сыныбының оқушысы Синицын Иван «Менің тілім – ана тілі» өлеңін қазақша оқып берді, Қазтай Нұрбол «Қазақстан әнін орындап берді. Отырыс соңында сурет сайысының қортындысы жарияланып I орынды 1-сынып оқушысы Жаңбырбай Ерасыл, II орынды 9-сынып оқушысы Мұқанова Айым, III орынды 8 қазақ сыныбының оқушысы Алпысбай Аслан иеленді, ауыл әкімі оларға грамоталар тапсырып, төттілер таратты. Бұл шараға С. О. Талжанов атындағы мектептің тәрбие бөлімінің меңгерушісі А. С. Мүсәпірова, мектеп кітапханашысы Асайнова М. А. және мұғалім Байбейлова А. М. ат салысып қатысты.

Н. М. Сүлейменова  
Ақмешіт ауылы

### Сарыөзен негізі мектебінің шығармашылық қорынан Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойына мектеп оқушыларының тартуы

#### ЕРЕН ЕЛІМ

Мерекең құтты болсын, ерен елім,  
Қуанаып еркіндікке жеткен күнім.  
Гүлденген қанат жайған, байтақ елім,  
Қазағым, жомарт елім, шалқар бөлім.  
Мақтанам – сенімен ерен елім.  
2-сынып Мелдір

#### МЕНИҢ ЕЛІМ

Ер жетемін, оқып білім аламын,  
Отаным мен қамқоршы боламын.  
Талай елдер таңдай қағар әлі де,  
Айналдырам ертегідей әлемге.  
4-сынып. Ерасыл

#### САРЫАРҚА

Қуанғаным, жұбанғаным,  
Сарыарқамның арқасы.  
Тыныштығы бейбіт елдің,  
Ағалардың арқасы.  
Тыныш ұйқым, тәтті күлім,  
Ата-анамның арқасы.  
Зерделігім, білімдігім,  
Ұстазымның арқасы.

#### ОТАН

Отаным туып өскен мекенім,  
Қастерлеп сені өтемін.  
Арманыма, тағдырыма балаймын,  
Қанаттарың қатаяды талмайды.  
Отаным асқар-асқар тауларым,  
Шалқар көл мен жазиралы бауларым.  
Мен сені мәңгі сүйіп өтемін,  
Туған жерім киелі атамекенім.  
4-сынып Аружан

#### МАҚТАНЫШЫМ – АСТАНАМ

Мақтан өтем, көк аспанда,  
Желбіреген туларым.  
Мақтан өтем, сарқыраған,  
Бұлағы мен суларым.  
Мақтан өтем, бұлтсыз айлы кештерің,  
Мақтан өтем таудан соққан,  
Таза ауа лептерің.  
Мақтан өтем, табиғатың,  
Жусанымен көлдерің,  
Мақтан өтем, тескейдегі,  
Мал жусаған жерлерің.  
Мақтан өтем Отанымды,  
Әр күн сайын гүлдеген.  
4-сынып Алмас

#### ЖАСА МӘҢГІ ҚАЗАҚ ЕЛІ

Әлі талай жыр өтеміз,

#### Тәуелсіздік тұғыры.

Жаса мәңгі қазақ елі,  
Жарқырады жұлдызың.  
Даңғыл жолмен ғарыштады,  
Өркендеді, өрледі.  
Арман – қала, өсем қала,  
Әр күн сайын гүлдеді.  
5-сынып Әсел

#### АСТАНАМА ҚАРАШЫ

Еркін ел боп қанат жайған,  
Ел-жұртыма қарашы.  
Хас сұлудай бой көтерген,  
Астанама қарашы.  
Бейбіт ел деп жер салғандай,  
Қанат қаққан қыраны.  
Көк аспанмен таласқандай,  
Заңғар тауы қыр әні.  
5-сынып Үміт

#### ЕРКІН ЕЛМІН

Талай боздақ арман еткен,  
Еркіндігін бұл елдің.  
Батырларым қорғап еткен,  
Топырағын бұл жердің.  
Қол жеткізген Тәуелсіздік,  
20 жасқа толыпты.  
Таңқалғандай барша әлем,  
Сұлу қала болыпты.  
5-сынып Аяулым

#### ТІКЕНЕКТІ ЖЕРІ

Қуанғаным - көк аспанда,  
Қалықтаған туларым.  
Жұбанғаным – мөлдір бұлақ,  
Жанға дауа суларым.  
Шаттанғаным – желтоқсанда,  
Тәуелсіздік құшқаным.  
Жомарттығым – топырағым,  
Бой сергітер достарым.  
Даналығым – ардагерлер,  
Ауылымның аңқылдаған қарттары.  
Киелігім – топырақтан,  
Мәңке әулие жатқаны.  
Сергектігім – туған жерім,  
Таза ауа соққаны.  
Жүректерігім – Базар, Өлке,  
Батырларым жатқаны.

Әбілдина Райхан  
Нүркешқызы.

Оқушылардың алғашқы өлеңдер топтамасын көпшілікке ұсынып отырған Әбілдина Райхан

### Құттықтаймыз!



Көбетей ауылының тұрғыны Өлібекова Шаһзада Мәжитқызын желтоқсан айының 24-ші жұлдызында 60 жасқа толатын мерейтойымен құттықтаймыз! Өміріңізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қуанышты да, қызықты күндер көп болып, жездеміз Сағитжанмен, туған-туыс, бауырларыңның арасында жарқылдап, біздің асқар тауымыз, ақыл сұрар үлкеніміз болып, өмір сүре беруіңізге тілектеспіз.

Шаттық пен нұрға толсын жүрегіңіз,  
Жайнасын туған күнде гүл өңіңіз.

Бөленіп қызығына балалардың,  
Өрқашан сау болыңыз – тілегіміз!  
Көк аспанда күлім қағып күн тұрсын,  
Бойдағы арман биіктерге ұмтылсын.  
Көңіл – дария кіршіксіз боп әрдайым,  
Өміріңіз қыр гүліндей құлпырсын.

Тілек білдірушілер: Гүлден, сіңілің Зәуре балаларымен,  
Бауырларың Едік, Бірлік-Қазима балаларымен. №549

### ПОЗДРАВЛЯЕМ!

В преддверии самого главного государственного праздника страны – 20-летия Независимости Республики Казахстан – директор Киевской средней школы № 3 Сайран Наскенович Сагимбеков Указом Президента Республики Казахстан от 5 декабря 2011 года награжден Почетной грамотой Республики Казахстан за заслуги в государственной и общественной деятельности, значительный вклад в социально-экономическое и культурное развитие страны, укрепление дружбы и сотрудничества между народами.



Сайран Наскенович Сагимбеков является опытным и грамотным специалистом, профессионалом своего дела, под чьим чутким и умелым руководством школа добилась высоких показателей в образовательном процессе, спорте, имеются все необходимые условия для всестороннего воспитания и развития детей. Сайран Наскенович является активным общественным деятелем района, возглавляет районную избирательную комиссию.

От имени коллектива Киевской средней школы № 3 поздравляем Сайрана Наскеновича с заслуженной наградой, желаем здоровья, счастья, дальнейшего успехов в работе на благо процветания нашей Родины – Республики Казахстан!

Коллектив КСШ № 3

### «ПАПА, МАМА, Я – ДРУЖНАЯ СЕМЬЯ»

2 декабря в школе был проведен спортивный праздник, посвященный 20-летию Независимости РК «Папа, мама, я – дружная семья». Целью праздника было: привитие здорового образа жизни, воспитание подрастающего поколения на традициях семьи. Праздничное настроение поднимала веселая музыка и болельщики. Поболеть за команды пришли учащиеся школы, бабушки, друзья.

Праздник начался с торжественного марша команд, под звуки фанфар. Представление команд и жюри прошло в веселой, непринужденной обстановке. И начались веселые спортивные состязания, в которых приняли активное участие семьи Капутовых и Шериных. Команды соревновались в различных конкурсах: в ловкости, быстроте, находчивости, палы в выносливости, поиграли в высотный баскетбол, соревновались в меткости.



Но главным был дух семьи, дух единства. Под бурную поддержку зрителей выиграла с небольшим перевесом команда семьи Капутовых. Команды были награждены призами. Праздник был организован совместно с родительским комитетом школы, который выступал инициатором и спонсором праздника.

Родительский совет  
Индустриальной СШ

### Еске алу

Кертінді ауылының тумасы Ерқанат Дүйсенұлының небары 22-ге толар жасында қайғылы қазаға ұшырағанына 2011 жылдың 23-желтоқсанда бір жылдың жүзі болады. Бұл да бір басқа түскен өмір тәлкегі болар, бауыры суық, сұм ажал жан жүрегімізді қаңырата сегіп, ортамыздан бауыр еті баламызды, желкілдеп өсіп, жігіт болған шағында Ерқанат атты ардақты, аяулы, асыл ұлымызды бақилыққа алып кетті. Аңырап артында біз қалдық. Өкесінің ақ жүзін кере алмай, әке деген ардақты жанның жан сезімін сезіне алмай, Еркежан атты қызы қалды.



Ерқанатым аңқылдаған аңғал едің,  
Артыңа қайрылмастай жүре бердің.  
Бүгінде жыл толыпты байқаймысың,  
Ойсыратып орныңды көтіп едің.

Артыңда аңыраған әкең мен анаң қалды,  
Ағайын, туған-туыс бауыр қалды.  
Еркежандай құлының  
Мақпалдай сені сүйген жарың қалды.

Жас едің ғой, өмір нәрін өлі толық тотпаған,  
Нұр жүзіңнен балалықтың нәзік табы қайтпаған  
Ерте кеттің, бұл өмірден бақилыққа алыстап,  
Артта қалған Еркежанды ата-ананды табыстап.

Өміріңнің жалғасы ғой Еркежаның жан-гүлің,  
Бір аллаға шүкір дейміз бұған дағы жан-құлыным.  
Иманды бол, жарық болсын о дүниелік тұрағың,  
Мәңгілікке есімізде сенің жарқын пәк жүзің.

Сағына еске алушылар: ата-анасы Дүйсен-Бақыт, бауырлары: Бауыржан, Сағдат, Ардақ-Жанна, жолдасы- Мақпал, қызы Еркежан, жиендері Гүлмира, Әділхан, Жантөре, Ханшайым. 4-желтоқсанда сағат 12:00 – 15:00 мектеп асханасында берілетін асқа туған-туыстарын, құда-жекжаттарын, құда-жекжатардың бірге қызметтес болған әріптестерін, жолдастарын шақырамыз. №553